# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

27.09.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№37 (8151)



SAIASAT
БАҒЫТЫМЫЗ – АШЫҚ ҚОҒАМ
2-бет

KÚN TÁRTIBI
АРДАГЕРЛЕР ДЕ ҮН ҚОСТЫ
3-бет

QOĠAM
БАБАЛАР РУХЫНА ТАҒЗЫМ
4-бет

MÁDENIET
ӨНЕР КӨГІНЕН АҚҚАН ЖҰЛДЫЗ
5-бет


## *Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:*

## ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗ ӘЛЕМДІ ҚҰРУ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ АСА МАҢЫЗДЫ БАҒЫТЫ

***Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясы 74-сессиясының Жалпы дебатында сөз сөйледі***



**БҰҰ Бас Ассамблеясы 74-сессиясының Жалпы дебатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөз сөйлеуі Нью-Йорк сапарының басты оқиғасы болды.**

►► 2-бетте

### «НҰРЛЫ ЖЕР». 2019 ЖЫЛҒЫ АРАЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

BAITEREK | Нұрлы Жер

**1 Әкімдік облигацияларын сатып алу арқылы кредиттік тұрғын үй салу:**

**«Бәйтерек девелопмент» АҚ 87,4 млрд** теңгеге облигациялар сатып алды (жыл соңына **108,8 млрд**). Әкімдіктер ағымдағы жылы **12 мың** пәтер салады.

BAITEREK DEVELOPMENT

**2 Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі:**

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ

**«Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ** «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша **36,5 млрд** теңгеге **4,6 мың** қарыз берді.

«Бақытты отбасы» бағдарламасы: **49,8 млрд** теңге сомасына **4842** өтінім келіп түсті, оның ішінде **24,5 млрд** теңгеге **2336** өтінім мақұлданды.*

**3 Жеке құрылыс салушылардың кредиттерін субсидиялау:**

DAMU

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 66 млрд** теңгенің жобаларын қолдады.** Тұрғын үйдің жартысы Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің салымшылары мен «7-20-25» бағдарламасына қатысушылар үшін сатылады.

**4 Үлестік тұрғын үй құрылысының кепілдігі:**

**«Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ 120 млрд** теңгеге жобаларды мақұлдады, **8,8 мың** пәтер сатып алу үшін халықтың салымдары қорғалған.

ФОНД ГАРАНТИРОВАНИЯ ЖИЛИЩНОГО СТРОИТЕЛЬСТВА

* ағымдағы жылдың 20 қыркүйегіндегі жағдай бойынша.
** жеке құрылыс салушылардың кредиттерін субсидиялау тетігін іске асырудың басынан.

ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

## *Жақсылық СӘБИТОВ*: АЛТЫН ОРДАНЫҢ ІЗІН ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖАЛҒАСТЫРДЫ

**Ұлытау таулары. Соңғы кезде Ұлытау феномені жаңа мән-мағынаға ие болуда. Бұл туралы Нұрсұлтан Назарбаев бірнеше рет айтқан, бұл туралы Қ.К.Тоқаев та айтып өтті. Қазақстан Алтын Орданың мұрасын қабылдай ала ма, бұған құқы бар ма, Жезқазғанның қайта түлеуі мүмкін бе осы және басқа да сұрақтар аясында «QAZAQSTAN TARIHY» порталы белгілі тарихшы Жақсылық Сәбитовпен әңгіме өрбіткен еді. Популяциялық генетика маманы бізге Алтын Орданың Қазақстан және жалпы Еуразия тарихындағы рөлі мен мәні жайында айтып берді.**

**– Ұлттық бірегейлік символы ретінде неге Алтын Орда соңғы кезде ерекше мәнге ие болып отыр? Алтын Орда мен оның мұрасын зерделеу мәселесінде ғылыми тәсілдер, тарихи дискурс қалай өзгерді?**

– 1937 жылға дейін барлық тарихшылар Қазақ хандығы Алтын Орданың заңды мұрагерлерінің бірі деп мойындаған. 1937 жылы Б.Д. Греков пен А.Якубовскийдің монографиясы шықты. КСРО ҒА академигі Б.Д. Греков кейін Сталиндік сыйлықты иеленді. Бұл монографияда Қазақ хандығының Алтын Орданың мұрагері еместігі туралы тезис алғаш рет жанама түрде аталып өтті. Қазақстандық интеллектуалдар 7 жыл «жаңа парадигмамен» күресуге тырысты. Бірақ 1944 жылы БКП (б) ОК-нің Едіге туралы эпостың хандық-феодалдық мәні туралы қаулысы шығып, Алтын Орданы ұлттық тарихтың бір бөлігі ретінде зерделеуге деген талпынысқа үлкен нүкте қойды. Алтын Орда КСРО халқының көп бөлігін қанауда ұстаған жыртқыш әрі паразит мемлекет болған деп танылды. Тек 1983 жылдан бастап қана сәл жылымық орнай бастады. Ілияс Есенберлин бар жауапкершілікті сезіне отырып, тәуекел етіп «Көшпенділер» трилогиясын жазып шықты, онда бұл мемлекетті үйлесімді түрде сипаттай отырып жаппай оқырман алдында Алтын Орданы ақтап алды деуге болады. Бұл ретте институционалды инерцияға орай саяси элита Қазақстанның орта ғасырлық тарихында советтік парадигманы ұстанды. 2013 жылы «Тәуелсіз Қазақстан. Өткен үшін күрес (Қазіргі қазақстандық тарихнамның өзекті мәселелері)» монографиясы шықты. Бұл монографияда, автордың пікірінше, Қазақстандағы ұлттық қалыптасу процесстерін үйлестіруге септігін тигізуі тиіс нақты дәлелдер көрсетілген. Бұл процесстегі қажетті қадамдардың бірі – «алтын орда концептіне» қайта назар аудару болды. Осыдан кейін 2013 жылы саяси элитадан бірінші болып Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжин Алтын Ордана Қазақ хандығына дейінгі сабақтастық жолын белгіледі. 2014 жылдан 2019 жыл арасында Нұрсұлтан Назарбаев өз сұқбаттарында Қазақ хандығының Алтын орданың заңды мұрагерлерінің бірі деген тезисті бірнеше рет айтқан еді.



2019 жылы жаңа президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Алтын Орданың 750 жылдығы туралы айтып өтті. Алтын ордаға деген қызығушылықтың тууының бірнеше себебі бар. Біріншіден, бұл нақтылықтың таза ғылыми дәлелі. Алтын Орда тарихын оқи отырып, біз шынында, өзіміздің ата-бабамыздың тарихын оқимыз. Деректанулық, антропологиялық, генетикалық, фольклорлық және басқа да дереккөздер Қазақ хандығының Алтын Ордадан шыққанын айтады. Екіншіден, азаматтық ұлтшылдықты және Қазақстандағы барлық этникалық топтардың титулдық ұлтқа интеграциясын қалыптастыру үшін Алтын ордалық концепт пайдалы. Үшіншіден, бұл концепттің интеграциясы қазақстандық тарихтың таңбалық капиталын байыта түседі.

**– Орданың мұрагерлігі үшін қазақ, татар, ноғайлар арасында бақталастық бар ма?**

– Ғалымдар арасында «бастапқылық» («первородстве») туралы ғылыми пікірталас жоқ деп ойлаймын. Бұл біздің ортақ өткеніміз екенін барлық ғалымдар түсінеді және біреу басты мұрагер, ал екіншісі екінші дәрежелі деу – бұл ғылымға қарсы. Ғалымдар рационалды тілде сөйлейді. Ал «желілік пікірталастар» кәсіпқой еместер арасында жүргендіктен эмоциялық сипатқа ие болып келеді.

**– Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаевтың Алтын орда туралы айтқан сөзі қазақстандық ғылымның осы тақырыппен етене айналысатындығын растай ма?**

– Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаевтың сөзі Алтын орда тақырыбындағы қызығушылықты өрбіте түседі деп ойлаймын. Алтын орда мен Қазақ хандығын зерттеу жөніндегі бірыңғай ғылыми орталық құру қажет. Осы кезең бойынша бізде мамандар өте аз, Алтын орда кезеңі бойынша әлемдік деңгейдегі 8 маман, Қазақ хандығы бойынша жоғары деңгейдегі 5 маманнан аспайды. Осы тақырып бойынша зерттеу жүргізетін ғалымдар санын және олардың сапасын да арттыру керек. Ғылыми жаңалық ашу үшін көп ақшаның керегі жоқ, тек тұрақты және ұзақ мерзімді қаржыландыру мен нақты тапсырмалар керек.

**– Қазақстан Президенті Ұлытауды Қазақстанның туристік саласын дамыту бағдарламасына қосуға тапсырма берді. Осы тапсырманы жақын арада шешу мүмкін деп ойлайсыз ба? Өйткені ол жерде қарапайым инфрақұрылымның өзі жоқ.**

– Ұлытауға туристік қызығушылықты арттыру үшін Баян Өлгий қазақтарының этномәдени туризмі тәжірибесін қолдануға болады деп ойлаймын. Бірақ инфрақұрылым да болуы қажет. Астанадан Түркістанға, Қарағанды мен Батысқа апаратын автокөлік және теміржол жолдарын салу керек. Ұлытау Қазақстанның кез-келген өңірінен жылдам келуге болатын автокөлік пен теміржол торабының нүктесі болуы керек. Бұдан басқа, Ұлытауда түрлі нысандар салу керек. Жоқ дегенде Шежіре сарайын тұрғызу керек.

►► 5-бетте

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ – БАСТЫ НАЗАРДА

**Жезқазған қаласы қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында Жезқазған қаласындағы экологиялық ахуалды жақсарту мәселесі қаралды. Кеңес отырысына Қарағанды облысы бойынша экология департаментінің басшысы Қанат Мусарапбеков, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС тау кен-өндірістік кешенінің бас энергетигі Сәкен Жылқыайдаров, «Kazakhmys Smelting» ЖШС Жезқазған мыс зауытының директоры Ербол Адреисов, «Kazakhmys Energy» ЖШС Жезқазған жылу энергия орталығының операциялық директоры (бас инженер) Мадияр Алтыбаев, «Қазгидромет» РМК Қарағанды облысы бойынша филиалы Жезқазған бөлімшесінің басшысы Юлия Барышева, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, «Nur Otan» партиясының «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов арнайы шақырылды.**



Кеңесті ашып жүргізген төраға Сағындық Қожамсейітов қаладағы экологиялық ахуал аймақ тұрғындарын алаңдататын басты мәселенің бірі екенін айта келе, экологиялық ахуал туралы ақпарат нақты әрі ашық болуы керектігін, экологиялық оңалту бағытындағы шаралар жергілікті билік, қоғамдық кеңес, басқа да мүдделі тараптардың қатысуымен ашық талқылануы қажеттігін тілге тиек етті. Сондай-ақ, ол қоғамдық кеңестің өтінішіне құлақ асып, отырысқа арнайы келген экология департаментінің басшысы Қанат Мусарапбековке, «Қазақмыс» корпорациясы мен оған серіктес кәсіпорын басшыларына, облыстық мәслихат депутаттарына ризашылығын білдірді.

Жиында алғаш сөз алған ҚР экология, геология және табиғи ресурстарды пайдалану министрлігі экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша экология департаментінің басшысы Қанат Мусарапбеков экология мәселесіне мемлекеттік деңгейде көңіл бөлініп отырғанын тілге тиек етті.

– Өздеріңіз білетіндей, экология, геология саласындағы жұмысты үйлестіруші министрлік өз алдына жеке ведомство болып құрылғанына көп болған жоқ.

►► 4-бетте

SARYARQA-АҚПАРАТ

## ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ КӨМІР САТЫП АЛУ ҮШІН 40 МЫҢ ТЕҢГЕДЕН БЕРІЛЕДІ



**Елордада 82 мыңнан астам зейнеткер, 25 мың мүмкіндігі шектеулі жан тұрып жатыр.**

– Елордада қарт адамдардың проблемаларына назар аударылады. Олардың материалдық жағдайын жақсарту, өмір сүру сапасын арттыру, қазіргі замандағы әлеуметтік жағдайын жақсарту жөнінде шаралар қабылданады, – дейді Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқарма басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Илья Скуб.

1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орайластырылған егде жастағы адамдарды әлеуметтік қолдау айлығы қарт адамдарға назар аудару мен жан-жақты көмек көрсетудің ажырамас бөлігіне айналды. Илья Скубтың айтуынша, Нұр-Сұлтан қаласында Халықаралық егде адамдар күнін тойлау аясында ардагерлерді құрметтеу, сый-сияпат көрсету және олардың мұқтаждықтарына тиісті көңіл бөлу дәстүрге айналып отыр. Қаланың барлық ұйымдары мен кәсіпорындары әртүрлі қайырымдылық акцияларын өткізуде.

– Бүгінде жергілікті бюджет қаражатының есебінен 67 мың зейнеткерге (зейнетақының ең төменгі мөлшерін алушылардан басқа) 6313 теңгеден біржолғы материалдық көмек көрсетіледі. Барлық қалалық жолаушылар көлігінде тегін жол жүру, сондай-ақ тегін тіс протездеу қызметтері көрсетіледі. Одан бөлек, көмір сатып алуға 40 400 теңге көлемінде әлеуметтік көмек жасалады, – дейді ол.

Сондай-ақ, «Щучинск-Бурабай» курорттық аймағында Қатаркөл көлінің жағасында экологиялық таза орманды алқапта орналасқан «Қарттарға, мүгедектерге және мүгедек балаларға арналған оңалту орталығы» ШЖҚ МКК-де шипажайлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек көрсетіліп, зейнеткерлерге жолдама құнының 35%-ы (53 900 теңге), ал ең төмен мөлшердегі зейнетақы алушыларға жолдама құнының 25%-ы (38 500 теңге) төленеді. Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне, соларға теңістірілген тұлғаларға, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға жолдама тегін түрде ұсынылады.

– Жыл басынан шипажайлық-курорттық емделу қызметтерімен 4 мыңға жуық адам, оның ішінде 1,7 мың зейнеткер, 2 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі тұлға қамтылды, – дейді Илья Скуб.

## 242 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ 5,3 МЛРД ТЕҢГЕ САЛЫҚТЫҚ БОРЫШЫН ӨТЕДІ

**Салықтық рақымшылық аясында 242 мыңнан астам Қазақстан азаматы 5,3 млрд теңге борышын өтеді. Есептен шығарылған өсімпұл 1,13 млрд теңгені құрады.**

ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметінше, бір апта ішінде салықтық рақымшылық мүмкіндіктерін пайдаланған азаматтардың саны 65 322 жеке тұлғаға өскен. Осы уақыт аралығында олардың 254,4 млн теңге көлеміндегі өсімпұлы есептен шығарылды. Салықтар бойынша қарыздарын өтеген азаматтардың ең көбі Алматы қаласында (42 500), Қостанай (28 137) және Ақтөбе (25 391) облыстарында тұрады.

Негізгі қарызды өтеу бойынша көшбасшылар – Алматы қаласы (3 млрд теңгеден астам), Қостанай (451,1 млн) және Алматы (220,6 млн) облыстары. Өсімақыны есептен шығару бойынша ең үлкен сома – Алматы қаласы (533,1 млн), Павлодар облысы (145,1 млн), Нұр-Сұлтан қаласы (72,4 млн).

«Жалпы, 1,4 миллионға жуық адам рақымшылыққа ілігіп, 13,9 млрд теңге көлемінде қарыздың негізгі сомасын төлеген жағдайда, 6,3 млрд теңге көлемінде өсімпұл есептен шығарылады. Салық төлеушілер борыштарының бар-жоғын Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтында немесе мына сілтеме бойынша тексере алады», – делінген комитет ақпаратында.

## САУДА ЖЕЛІЛЕРІ ОДАҒЫ ПОЛИЭТИЛЕН ПАКЕТТЕРДЕН БАС ТАРТПАҚ

**Сауда Желілері Одағы Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің полиэтиленді пакеттерді біртіндеп қысқарту туралы бастамасын қолдады.**

Бірінші кезекте, Сауда Желілері Одағына кіретін компаниялардың барлық дүкендері полиэтиленді пакеттерді тегін таратудан бас тартып, тек ақылы түрде сататын болады.

Баға саясаты және бастаманы жүзеге асыру мерзімін әр компания өздігінше шешеді.

Сауда Желілері Одағы өз сатып алушыларына пластик пакеттерге балама түрлерін ұсынуға дайын.

Сауда Желілері Одағының кейбір компания-мүшелері, мысалға алсақ, «Technodom Operator» және «ВкусМарт» қазіргі кезде пластик пакеттерді тек ақылы түрде сатады. «КеңМарт» және Magnum компаниялары өз сатып алушыларына балама түрде биоыдырайтын пакеттерді ұсынуда, жуық арада осындай пакеттер «ВкусМарт» компания дүкендерінің сөрелерінде қолжетімді болады. МЕТРО компаниясы ашылған сәттен бастап өз кассаларында тек қана биоыдырайтын пакеттерді сатуда.

«КеңМарт», «МЕТРО Кэш энд Керри» қазіргі таңда саудаға арналған көп реттік сөмкелерді ұсынуда, жақын арада «ВкусМарт» және «Magnum Cash&Carry» (сонымен қоса Magnum қағаз крафтік пакеттерді сатылымға ұсынбақ) желілерінде сатылымға шығарылады.

Бұдан басқа, Magnum компаниясы полиэтиленді пакеттердің сатылымынан түскен барлық қаражатты қайырымдылық қорына жұмсайтын болады. Ал, «МЕТРО Кэш энд Керри» компаниясы 5 жылдан бері полиэтиленді пакеттерді сатудан түскен қаражатты қайырымдылыққа жұмсап отыр.

Еске салсақ, 2019 жылдың 20 қыркүйегінде Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және «Қазақстанның Экологиялық Ұйымдар Қауымдастығы» полиэтиленді пакеттерді қолданыстан біртіндеп шығару туралы меморандумға қол қойды. Меморандум бойынша, полиэтиленді пакеттерді қолданыстан шығару мақсатында тегін таратудан бас тарту көзделуде.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиевтің хабарлауынша, Қазақстанда жыл сайын 5 миллион тоннадан астам пайда болатын қатты тұрмыстық қалдықтардың кем дегенде 11-15% пластмасса, оның ішінде полиэтиленді пакеттер құрайды. Оларды тегін таратудан бас тарту пластик пакеттерді қолдануды кем дегенде 30% азайтады.

«Сауда Желілері Одағы» заңды тұлғалар бірлестігіне «Mon Amie», «ВкусМарт», «Technodom Operator», «Magnum Cash&Carry», «КеңМарт», «МЕТРО Кэш энд Керри» және басқа компаниялары кіреді. Сауда Желілері Одағының басты мақсаты – адал бәсекелестікке жағдай жасау, Қазақстан Республикасының сауда нарығының инфрақұрылымын дамыту, бөлшек сауда саласында озық технологиялар мен қызмет стандарттарын енгізуге ықпал ету.

## *Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:*

# ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗ ӘЛЕМДІ ҚҰРУ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ АСА МАҢЫЗДЫ БАҒЫТЫ

***Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясы 74-сессиясының Жалпы дебатында сөз сөйледі***

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Қазақстан Президенті халықаралық беделді мінберде БҰҰ бүкіл адамзаттың мүддесін қорғайтын әмбебап әрі бірегей ұйым екенін мәлімдеді.

– Бүгінде Ұлттар ұйымы ғаламдық даму және өркениеттер сабақтастығын қамтамасыз етуде аса маңызды рөл атқарып келеді. Бас хатшы Антониу Гутерриштің әр адам мен мемлекет тағдырын ортақ құндылық деп тауып, назардан тыс қалдырмау идеясын Қазақстан толық қолдайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруда елеулі кедергі келтіріп отырған әлемдегі геосаяси және геоэкономикалық өзгерістерге қатысты өзінің алаңдаушылығын білдірді.

Осыған байланысты Президент ғаламның жаңа шынайы келбеті жағдайындағы сын-қатерлердің негізгі факторларын атап көрсетті.

– Біріншіден, ескі қақтығыстардың қайта қаулап, әлемнің әр түпкіріндегі жағдайдың ушығуы бұрынғы бөліністердің жігін ашып, жаһандық державаларды толықтай әскери қақтығыс жағдайына жеткізіп, жаңа мәселелер туындатып отыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы екінші фактор ретінде ғаламдық және аймақтық ойыншылар арасындағы қарым-қатынаста бір-біріне деген сенімнің жоқтығын атады. Оның айтуынша, бұл бүгінгі қауіпсіздік құрылымы мен қаруланууды бақылау жүйесінің іргесін сөгіп, жаппай қаруланууға әкеп соғуы мүмкін.

– Бұл сын-қатерлерді ұзақ мерзімді санкциялар, сауда соғысы, ғарыштағы бақталастықтың артуы, кибертехнологиялар мен жасанды интеллект тереңдетіп жіберді. Осы айтылғандардың барлығы ушыққан фундаменталды дағдарыстың қауіпті аспектілерінің көрінісі,– деді Президент.

Мемлекет басшысы үшінші фактор ретінде Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы әлеуметтік, экономикалық және технологиялық теңсіздікті, көзқарастар қақтығысының артуын, сонымен қатар, ғаламдық қарыз дағдарысын атап көрсетті.

Қасым-Жомарт Тоқаев протекционизм мен ұлтшылдық саясатының күшеюі халықаралық әріптестік пен ынтымақтастыққа кедергі келтіріп отыр деп санайды.

Ғаламдық тұрақсыздық факторын тудыратын төртінші мәселе – қоршаған ортаның тозуы. Президент Орталық Азиядағы климаттың өзгеруі даланың шөлге айналуына, мұздықтардың еруіне және ауыз су мен ағын судың қайнар көзінің тартылуына әкеліп соғатынын мәлімдеді.

– Осындай күрделі жағдайда Қазақстан инклюзивті және тұрақты даму, жан-жақты диалог пен бейбітшілікті сақтау саясатын ұдайы жүзеге асырып келеді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент ядролық қарудан азат бейбітшілікке қол жеткізу Қазақстан үшін негізгі басымдық болып табылатынын атап өтті. Баяндамада еліміздің антиядролық бастамаларына, Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қаруды таратпау және қарусыздану процесіне қосқан елеулі үлесіне зор көңіл бөлінді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Иранға қатысты жан-жақты қамтылған бірлескен іс-қимылдар жоспары мен Корей түбегін ядролық қарусыздандыруды жүзеге асырудағы проблемалар тараптардың өзара мүдделерін ескере отырып, тек саяси әдіс-тәсілмен ғана шешілуі керек деп есептейді.

Мемлекет басшысы өз баяндамасында Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті қауіпсіздік пен даму бойынша толыққанды аймақтық ұйым ретінде қайта құруды ұсынды. Оның айтуынша, Қазақстан бұл ұсынысты 2020 жылы аталған ұйымға төрағалық ету кезінде жүзеге асыруды қолға алмақ.

Президент Ауғанстан мен Таяу Шығыстағы жағдайға қатысты біздің елдің ұстанымын айтып, «Жусан» гуманитарлық операциясының тәжірибесімен бөлісуге әзір екенін білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ өз миссиясын орындау барысында кезігетін кейбір кедергілерге назар аударды. Осы орайда, Мемлекет басшысы Бас хатшы Антониу Гутерриштің БҰҰ-ны реформалау жөніндегі нақты әрі батыл қадамдарын ұйымға мүше-мемлекеттердің барлығы кеңінен қолдауға лайықты екенін атап өтті.

Тұрақты даму мақсаттары туралы айта келе, Президент биылғы мамыр айында Қазақстанда ашылған Халықаралық ұйымдар ғимаратының базасында Орталық Азия мемлекеттері мен Ауғанстан үшін Тұрақты даму орталығын құру жөнінде ұсыныс білдірді.

**Ақорданың баспасөз қызметі**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# БАҒЫТЫМЫЗ – АШЫҚ ҚОҒАМ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауын түсіндіру, жұртшылықтың өтініш, тілектерін жинау мақсатында Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов Жезқазған жылу энергия орталығының ұжымымен кездесті.**

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

Қалалық әкімдік бөлімдерінің басшылары, коммуналдық қызмет жетекшілері мен БАҚ өкілдері де шақырылған жиында қала басшысы орталық жұмыскерлеріне Президент Жолдауының негізгі бағыттарын атап өтіп, Жолдау жүктеген міндеттерге тоқталды.

– Сіздер қаланы жылумен қамтып отырған үлкен кәсіпорында жұмыс істейсіздер. Жұмыстарыңызда нақтылық пен жеделдік басшылыққа алынады. Мемлекет басшысы да халыққа көрсетілетін қызметтің сапасына ерекше мән беріп отыр. Мемлекеттік басқару жүйесінде осы бағытта алда ірі реформалар болмақ. Сонымен бірге, заң, құқық жүйесін жетілдіру, азаматтарға жайлы орта қалыптастыру бойынша нақты тапсырмалар бар. Жергілікті билік органдарына артылар міндет те аз емес. Бұл ретте, ең алдымен, халықпен тікелей байланысқа баса мән беріледі. Өздеріңіз білетіндей, қала әкімдігінде «Open space» алаңы жұмыс істейді. Мұнда мемлекеттік қызметшілер қала тұрғындарының өтініштерін тыңдап, мәселесін сөз бұйдаға салмай шешіп береді. Алдағы уақытта қаладағы түрлі қызметтерді бір жерге біріктірген үйлестіру орталығы ашылмақ, – деген Қайрат Баяндыұлы Жолдауда өңірлерді дамытуға ерекше мән берілгеніне де тоқталды.






– Жолдауда айтылғандай, келесі жылдан бастап шағын және орта бизнестен түсетін қосымша салық түсімдері өңірлердің құзыретіне берілетін болады. Бұл жергілікті бюджеттің мүмкіндігін айтарлықтай кеңейтетін болады. Сонымен бірге, өңірлерге тұрғын үй қорын жаңғырту және жөндеу үшін екі жыл ішінде бюджеттік несие түрінде 30 миллиард теңгеден астам қаражат бөлу көзделуде. 2022 жылға қарай өңірлерді дамыту бюджеті 800 миллиард теңгеден асады. Бұл – мемлекет тарапынан жасалып отырған зор қолдау. Елбасының тапсырмасымен басталған «Сарыарқа» магистральді газ құбыры да қаламызға келіп жетті. Биыл Талап ауылы көгілдір отынның игілігін көрмек. Келер жылы қалаішілік желілер тартылып, орталық жылу жүйесімен қамтылмаған үйлер газға қосылады, – деді қала әкімі.

Кездесуде ЖЭО жұмыскерлері қала дамуы, комманулдық қызметтердің сапасы, спорт саласының жағдайына қатысты сауалдарын қойып, нақты жауап алды.

**Өз тілшіміз**

# МАҚСАТ – ЗОР, ИГІЛІК – ОРТАҚ

**Қазақстандықтарға ел дамуының жаңа бағытын айқындап берген Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауын жұртшылыққа түсінікті тілмен жеткізіп, негізгі міндеттерін түсіндіру мақсатында қала әкімінің орынбасары Нұржан Орынбаев сумен, жылумен жабдықтау кәсіпорны ұжымымен кездесті.**

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy




Бүгінгі таңда жезқазғандықтарды жылумен және сумен жабдықтап отырған кәсіпорынның қызметкерлері ел Президентінің әр Жолдауын үлкен ықыласпен тыңдайтындарын айтты. Халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартуды, мемлекетіміздің әлем елдерімен бәсекеге түсе алуын қамтамасыз етуді көздейтін стратегиялық маңызы бар құжатта жүктелген мінеттерді орындауға әзір екендерін де білдірді.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы өзінің алғашқы Жолдауында мемлекеттің тұрақтылық формуласы – мықты президент – беделді парламент – ісіне есеп беретін үкімет екендігіне баса назар аударды. Бүгінгі таңда Қазақстан билігінің басты мақсаты – азаматтардың талабына дер кезінде құлақ түретін мемлекетке айналу. Аталған межені еңсеру мақсатында жергілікті атқарушы билік қыруар жұмыс атқарып жатқанын айта өткен жөн. Мысалы, Жезқазған қаласының әкімдігінде тұрғындарға қолжетімді әрі ашық болу үшін «open space» кабинеті ашылды. Мұнда қала тұрғындары өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алып қана қоймай, «бір терезе» қағидаты бойынша қажетті мемлекеттік қызметке өтінім бере алады. Одан бөлек қала әкімі мен мекеме басшылары әлеуметтік желілердегі парақшалары арқылы әр тұрғынның сауалына нақты жауап береді, – деген Нұржан Серікұлы жергілікті билік өкілдерінің халықпен тығыз қарым-қатынаста екенін байқатты.

Сонымен қатар, Жолдауда айтылған жердің сатылмайтыны, қарапайым адамдардың зейнетақы қорындағы қаржысын өздеріне пайдалануға беру, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін жазаны күшейту мен әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген отбасыларға қарайласуға арналған бағыттар бойынша шаралар қабылданып жатқанын да жеткізді.

Қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтауға, сыбайлас жемқорлықпен күресу мен шағын және орта бизнесті дамыту, мен ұйымдардың, бір сөзбен айтқанда барша қазақстандықтардың ортақ ісі екенін алға тартқан Нұржан Серікұлы жиналғандарды белсенділікке шақырды. Жолдауды орындауға сөзбен емес, іспен кірісу қажеттігін қадап айтты.

Жолдаудың әр басым бағытын тарқатқан қала әкімінің орынбасары кәсіпорын қызметкерлерін диалогқа шақырып, көкейде жүрген сұрақтарына жауап беруге тырысты. Жиынға қатысушыларды қала тазалығы мен пәтер иелері кооперативтерінің жұмысы, көп қабатты үйлердің аулаларын жарықтандыру мәселелері толғандыратынын білдік. Әр тұрғынның өтініш-тілегіне құлақ



қазақ тілінің мәртебесін арттыру мен ұлттық мәдениетімізді жандандыру, бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысын көтеру бағытында да бірқатар тапсырмалар жүктелді. Жолдауда қойылған және одан туындайтын міндеттерді орындау жалғыз атқарушы биліктің ғана емес, барлық мемлекеттік органдардың, меншік түріне қарамастан кәсіпорындардың, мекемелер асқан Нұржан Серікұлы көтерілген әрбір мәселенің мәнісін түсіндірді.

Осындай мазмұндағы кездесулер қалалық электр желілері, Жезқазған электр тарату кәсіпорны мен медициналық орталық қызметкерлерімен де өтті.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

*Суреттерді түсірген*

**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# ЦИФРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТКЕ КӨШУ

DIGITAL KAZAKHSTAN

«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – **Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы** Жолдауына сүйене отырып – **«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді** *(ҚР ҮҚ, 2017 жылғы 12 желтоқсан).*

**«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы мен «Nur Otan»** партиясының 2030 жылға дейінгі «Жақсы қоғам: онжылдықтың 10 мақсаты» бағдарламасының мақсаты **цифрлық мемлекетке көшу және халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру болып табылады.**

Қызмет алушылар үшін қолайлы жағдай жасау, олардың уақытын үнемдеу және шенеуніктермен байланысты болдырмау мақсатында Egov.kz порталында 2019 жылдың басынан бастап **үшінші тұлғалардың электрондық анықтамаларды ақысыз алу сервисі қолжетімді:**

1) тұрғылықты тұратын жерінен мекенжай анықтамасы;

2) жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтама;

3) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтама;

4) соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама;

5) өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға жататындығы туралы анықтама.

**Банктер, мектептер, балабақшалар, ЖОО, емханалар, коммерциялық ұйымдар, мемлекеттік мекемелер және басқа да құрылым жұмыскерлері аталған анықтамаларды үшінші тарап ретінде азаматтарды ХҚКО-ға жіберместен ала алатынын атап өткен жөн.**

Сондай-ақ **бір реттік SMS паролін пайдалану арқылы қызметтерді** алу қызметі енгізілді, яғни **ЭЦҚ-ны пайдаланбастан және ХҚКО-ға бармай-ақ 53 қызметті** алуға болады.

**Telegram EgovKzBot** мессенджерінде 2**5 қызмет алуға мүмкіндік беретін қызмет енгізілді.**

***Үшінші тұлғалардың қызмет алу нұсқаулығы https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11***

***Telegram-бот арқылы қызмет алу нұсқаулығы https://egov.kz/cms/ru/articles/telegram-bot-egovkz-bot***

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# КӘСІПОРЫН ЖҰМЫСШЫЛАРЫМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

Ел мүддесін бір арнаға тоғыстырып, жарқын болашаққа бастайтын әлеуметтік маңызға толы мемлекеттік құжат саналатын Жолдау – барша ел тұрғындары үшін аса үлкен маңызға ие. Осы орайда, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы ұлы даланың айбыны асқақ өндірістік мекені Жезқазғанда да ерекше ықтиярлықпен талқыланып жатыр. Жезқазған қаласы әкімінің міндетін атқарушы Нұржан Орынбаев «Жезқазған сирекметалл» кәсіпорнының жұмысшыларымен кездесіп, Жолдау жайын кеңінен талқылады. Жиын басында Нұржан Орынбаев Президент Жолдауда нақты атап көрсеткен басты бес бағытқа қысқаша тоқталып өтті.

– Президент Жолдауда көтерген тың жаңалықтың бірі – митинг жайы. Митинг бейбіт, заңды тұрғыдан тіркелген түрде, қаланың шетінде өтуі керек. Бұл арқылы ол басты орынға халықтың қауіпсіздігін, елдің тыныштығын қойып отыр. Жолдауда Президент: «Жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық және басқа да ауыр қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажет», – деп Парламент пен Үкіметке арнайы тапсырма берді. Тұрғындар қауіпсіздігі – біздің қаламыз үшін де бірінші орында. Осы мақсатта қала көшелеріне бейнебақылау камералары орнатылды. Бұл қылмыстың алдын алуға үлкен көмегін тигізуде, – деді Нұржан Орынбаев. Сондай-ақ, ол Президент ұсынған «Мықты президент – беделді Парламент – есеп беретін Үкімет – мемлекеттің тұрақтылық формуласы» қағидасының орындалуын халық қатаң бақылауға алу керектігін еске салды.



«Жезқазған сирекметалл» кәсіпорны қызметкерлерімен өзара диалог орнату мақсатында кәсіпорын қызметкерлерінің сауалдарына жауап берді. Мекеме қызметкері Дархан Әлімов Алашахан даңғылы, 37 мекенжайындағы авариялық үйге байланысты алаңдаушылығын білдірді. Нұржан Орынбаев қалада жаңадан тұрғын үйлер бой көтеріп жатқандығын және авариялық үй тұрғындары үшін арнайы жеңілдік қарастырылмағандығын жеткізді. Осыған орай, тұрғындарды шыдаммен өз кезектерін күтуге шақырды. Ал, Бибігүл Жақыбаева баласының үш жылдық жұмыс өтілі болмағандықтан жұмысқа орналаса алмай отырғандығын айтып, жастар жылында жастарды жұмыспен қамту қарастырылса деген тілегін жеткізді. Әкімнің міндетін атқарушы жастарды жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында «Жастар бағдарламасы» мен «Жастар практикасы» жұмыс жасайтындығын еске салып, Бибігүл ханымға баласының Жезқазған қалалық жұмыспен қамту орталығының көмегіне жүгінуге кеңес берді. Және мекеме қызметкерлері Байқоңыров көшесі мен Сәтбаев көшесі бойындағы жолдың нашарлығына шағымданды. Сондай-ақ, жиынға қатысушылардың басым көпшілігі Талап елдімекенінен басталып тартылып жатқан газ құбырларына қатысты сауалдарына жауап алды. Қала тұрғындарын жиі алаңдататын мәселенің бірі – «Дельфин» бассейнінің жабылып қалуы болды. «Балаларды жүзуге үйрететін жер қалмады» деп шағымданған ата-аналарға Нұржан Орынбаев «Дельфин» жеке кәсіпкерлігінің қауіпсіздік ережелері тұрғындар көп жиналатын орынға сай келмейтіндігін айтты. Осыған байланысты 320 көрермендік орынға негізделген жаңадан салынатын спорт орталығы жобасымен таныстырды. Жобаға сай, спорт кешенінде 320 текше метр 5 жолақты бассейн де іске қосылатындығын айтып, тұрғындарды қуантып тастады. Және де қызметкерлер тарапынан білім саласына байланысты түскен ұсыныстарға талдау жасап, қалалық білім бөлімінің басшысына арнайы тапсырмалар жүктеді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# МОНИТОРИНГ ТОБЫ ХҚКО-да БОЛДЫ

**Жезқазған қаласы халыққа қызмет көрсету орталығының жұмыс сапасын тексеру мақсатында Жезқазған қалалық арнайы мониторинг тобының өкілі Ринат Бикаев, Сәтбаев қалалық арнайы мониторинг тобының өкілі Асқар Қошанов және Жезқазған қаласының сыбайлас жемқорлықпен күрес басқармасы мен әкімдік қызметкерлері, БАҚ өкілдері арнайы мониторинг жүргізді. Бұл мониторингтің басты ерекшелігі – ол фейсбук әлеуметтік желісі арқылы тікелей эфирде көрсетілді. Соның нәтижесінде қала тұрғындары халыққа қызмет көрсету орталығының жұмысы туралы кеңінен хабардар болып, өз ұсыныстары мен өтініш-тілектерін ашық айтуға мүмкіндік алды.**



Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

– Біздің орталықта консультация, өз-өзіне қызмет көрсету, қабылдау залы немесе операциялық зал, көші-қон қызметі, құжатнама бөлімі, көліктерді тіркеу секторлары бойынша тұрғындарға түрлі қызметтер көрсетіледі. Халыққа қызмет көрсету орталығы мамандарының жұмысын тұрғындар қарсы экран арқылы бағалай алады. Соған орай қызметкерлерге жұмыс белсенділігіне қарай ай сайын KPI сыйақысы төленеді, – деді Жезқазған қалалық халыққа қызмет көрсету орталығының басшысы Ринат Өмірбеков.

Мысты шаһардағы халыққа қызмет көрсету орталығы секторлары күніне 200-300 тұрғынға қызмет көрсетеді. Қазіргі таңда орталықтың екінші қабатына, ауласына, көлік қою орнына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жөндеу жұмыстары қыркүйек айының соңына аяқталады деп жоспарлануда. Ринат Өмірбековтің айтуынша қазіргі таңда басты мәселе – кадр тапшылығы болып отыр. Халыққа қызмет көрсету орталығында 24 маман жұмыс жасайды. 7 қызметкер сынақ мерзімінде, олардың төртеуі жастар практикасы аясында жұмысқа даярлануда. Олар алдағы уақытта Қарағанды қаласына барып арнайы тестілеуден өтеді. Осы орайда Жезқазған қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік қызметтер сапасын мониторингтеу және ақпараттық технологияларды дамыту бөлімінің меңгерушісі Ольга Мокеева орталық басшысына Жезқазған қаласы әкімдігі ғимаратында тестілеу-бағдарламалау кабинеті іске қосылғанын, алдағы уақытта халыққа қызмет көрсету орталығының мамандары да алысқа бармай-ақ, тестілеу сынағын тапсыра алатындығы туралы ақжолтай хабарымен бөлісті.

Тұрғындар қуанышына орай енді өзіңізге қажетті кез келген анықтамалық құжатты алу үшін Халыққа қызмет көрсету орталығында ұзын-сонар кезекте тұру қажет емес. Енді сіз egov.kz порталы ұсынған кез келген қызмет түрін «Вконтакте» және «телеграмм» әлеуметтік желілері арқылы бар-жоғы екі минуттың ішінде ала аласыз. Ол үшін «egov.kz» порталына тіркелесіз. Электронды қызмет оңай түрде барлық қызмет түріне қол жеткізіп, тұрғындардың алтындай қымбат уақытын үнемдеуге жол ашты.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# АРДАГЕРЛЕР ДЕ ҮН ҚОСТЫ

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық – диалог Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауына мысты шаһардың қазыналы қарттары да қолдау білдірді. Бүгінде ардагерлер кеңесіне 27, президиумына 9 белсенді ардагер мүше. Белсенді өмір салтын берік ұрандары еткен қариялар қай істе болсын ақыл-кеңесін айтып, көрген тәжірибелерімен бөлісіп отырады. Жиынды Жезқазған қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Айып Байқасынов ашты.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында барша қазақстандықтардың игілігін ойластыра отырып, алда жүзеге асуға тиісті міндет-мақсаттарға кеңінен тоқталды. Жолдаудың жүзеге асуына бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ынтымақ, ауызбіршілікпен атсалысуымыз керек. Бүгінгі басқосудың да басты себебі – осы. Біз ізімізден ерген жастарға үлгі болуымыз керек, – деді ол өз сөзінде.

Жиын барысында Роза Сейілова мен Мария Ковалева баяндама жасап, Президент Жолдауында айтылған білім саласындағы өзгерістерге, алға жоспарланған мәдени іс-шараларға тоқталды. Сондай-ақ, ардагерлер Жолдауда көтерілген зейнетақы жүйесіне қатысты өз пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды.

Басқосу соңында ақын, журналист Ізтөлеу Түсіпов зейнет жасына шықса да, қоғамның қай саласында болсын белсенділік танытатын ардагерлерге алғысын білдіріп, зор денсаулық тіледі.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**



ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

# «ҚАЗАҚШАҢЫЗ ҚАЛАЙ?»

***атты фестиваль-конкурсы өтті***

**«Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен қаламыздың колледж және мектеп оқушылары арасында басқа ұлт өкілдерінің қатысуымен «Қазақшаңыз қалай?» атты фестиваль-конкурсы өтті. Аталмыш фестиваль-конкурс қазақтың біртуар ұлы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, драматург Сәкен Сейфуллиннің 125 жылдығына арналды.**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

– «Қазақшаңыз қалай?» фестиваль-конкурсының бір ерекшелігі – сайыстың қазақ тілін білетін өзге ұлт өкілдерінің арасында өтті. Мемлекеттік тілді меңгеру қажеттілігін түсіндіруді мақсат еткен фестиваль қазақ тілінде еркін сөйлеуге машықтандыруды, мемлекеттік тілге деген қызығушылықты арттырып, тіл тазалығын сақтауға, мәдениетті сөйлеуге, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге атсалысуға шақыруды міндет етті.

Конкурста әр үміткер жұртшылықпен сәлемдесумен бастап өздерін таныстырды, одан кейін Абай Құнанбаевтың өлеңдерінен, қара сөздерінен үзінді оқып, соңғы айналымда өздерінің өнерлерін сынға салды.

Конкурс соңында барлық қатысушылар I,II,III дәрежелі дипломдар мен алғыс хаттармен марапатталды.

**Ақгүл ОШАҒАНОВА,**
**«Тілтану» оқу-әдістемелік орталығы қазақ тілі курсының оқытушысы**




# ЖҮРЕККЕ ЖЫЛУ СЫЙЛАҒАН...

**2019 жылдың 3 шілдесі мен 30 қыркүйек аралығында №7 мектеп-лицейде «Жүректен жүрекке!» ұранымен ұйымдастырылған жалпыреспубликалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өз мәресіне жетуге жақын.**

Республикалық акциясы МЕКТЕПКЕ ЖОЛ

Әлеуметтік жағынан қолдауды қажет ететін отбасы балаларына көмек көрсетуді мақсат тұтқан қайырымдылық шаралары шілде айының басынан бастап акция түрінде бірнеше дүркін ұйымдастырылды. Әлеуметтік себептер бойынша мектепке қамтылмай қалу, өмір қиындығына тап болған балалар жағдайының алдын алу , анықтау мақсатында рейдтер жүргізілді.

Балапан жүректерге жан жылуын сыйлап, аға буынның өскелең ұрпаққа деген шынайы көңілін көмекпен қолдау арқылы көрсетіп акцияға үн қосқан «Астана» сауда орталығының басшысы Бауыржан Тортайұлы Мұқашев, ата-ана Еркін Жәмитұлы Қомшыбаев, Бауыржан Жаңбыршыұлы Тайманов, «Ғалым» сауда орталығының басшысы Тұрсынкүл Бапанқызы Жайлаубаева, «Балсая» дәріханасының басшысы Сауле Абдіғапарқызы Рахишева, №7 мектеп-лицейдің ұстаздар ұжымы, Жезқазған қалалық зейнетақы қоры, қала әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімі, «Ника» шаруашылық дүкенінің басшысы Зиягул Көшербайқызы Бекмағанбетова, «Халық банк», «Раян» дүкенінің басшысы Итқараев Қуандық, «Центркредит» банкі» АҚ филиалы, мектеп-лицей жалға алушы Галина Дмитриевна Фаломеева оқушыларға қажетті кеңсе құралдары, оқу құралдары, киім-кешек түрінде көмек көрсетті.

Әр отбасында тәрбиеленіп жатқан ұрпақ көп балалы отбасында өсу, тәрбие алу ерекше сый екенін, қайырымды да білімді ұрпақ болып өсіп, еліне пайдасы мен жақсылығы тигізетін, ертеңгі ел тірегі болып ержету қажеттігін жақсы түсінеді.

Бүгінгі таңда мектеп–лицей ұжымы көмек қажет ететін барлық оқушыға барынша көмек көрсетті, қайырымдылық шаралары мектеп-лицейде жыл бойы өз жұмысын жалғастыра береді деп күтілуде.

**Гүлбейбіт БЕКСИНОВА,**
**Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДА

# ӘРІПТЕСТІК АЯСЫ – КЕҢ

**«Мейірімді жүрек» қоғамдық бірлестігімен серіктес Қарағанды облысы бойынша «Азаматтық альянс» қауымдастығы Жезқазған қаласында үкіметтік емес ұйымдардың мүшелерін жинап, конференция өткізген болатын. Екі күнге жалғасқан конференция үкіметтік емес ұйым мүшелеріне құқықтық көмек көрсетуді, олардың белсенділігін арттыра отырып қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуді мақсат тұтты. Жергілікті үкіметтік емес ұйым жетекшілеріне берері мол кездесу қалалық әкімдікте мемлекеттік мекеме қызметкерлерімен өткен дөңгелек үстелмен қорытындыланды.**



– Бүгінде жергілікті қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органмен қарым-қатынас орнату қиын. «Біздің ұсынысымыз көп жағдайда назарға алынбайды», «мемлекеттік мекеме бірлесе жұмыс жасауға құлықсыз» деп шағым айтқан үкіметтік емес ұйымдардың төрағалары мемлекеттік мекеме қызметкерлерімен бетпе-бет кездесуге мүмкіндік алды. Және өз ұсыныстарын ашық білдірді.

Диалог ретінде өткен жиынды Қарағанды облысы бойынша «Азаматтық альянс» қауымдастығының президенті Гүлнәр Құрбанбаева жүргізді. Пікір алмасуға көшпес бұрын ол ҮЕҰ мен мемлекеттік органдар бірлесе жұмыс жасағанда қол жеткізілетін жетістіктердің мол боларын нақты мысалдармен дәлелдеді. Әрі қоғамдық бірлестіктердің мекеме жұмысына тигізер пайдасына тоқталды.

– Өкінішке орай көп мемлекеттік мекемелер үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын бағалай бермейді. Мұрын шүйіре қарайтыны тағы бар. Дегенмен, үкіметтік емес ұйымдар мен олардың қызметі заңмен қорғалатынын ұмытпаған жөн. Олардың қоғамда атқарар ролі мен алар орны зор. Сондықтан, мемлекеттік мекеме ҮЕҰ әріптестік орнатуға асығуы тиіс, – деген Гүлнәр Құрбанбаева жезқазғандық үкіметтік емес ұйымдардың жан-жақтылығын алға тартты.

Кездесуге келген мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің кейбірі жергілікті қоғамдық бірлестіктердің жұмысынан хабарсыз екенін жасырмады. Дегенмен, алдағы уақытта ел мүддесі жолында бірлесе жұмыс жасауға әзір екендерін жеткізді. Үкіметтік емес ұйымдармен қарым-қатынасты жақсы жолға қойған мемлекеттік органның бірі спорт бөлімі екен. Олар мемлекеттік тапсырыс есебінен жылына онға жуық шара өткізіп, оны ұйымдастыруды қоғамдық бірлестіктерге тапсырады. Қалалық ішкі саясат бөлімінің де ҮЕҰ ара-қатынасы жоғары екенін айта өткен жөн. Ал, құрылыс пен жер қатынастары бөлімі көш соңында.

14 жылдан бері тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тосқауыл қойып, әйелдер мен кәмелет жасқа толмағандардың құқықтарын қорғауды негізгі міндеті еткен «Томирис» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Валентина Предина білім бөліміне ұсынылған жобаларға қаржы бөлінбейтінін тілге тиек етіп, шараларға қарастырылатын қаржының мардымсыз екенін айтты. Осы ретте ол мемлекеттік орган жанындағы комиссия құрамына ҮЕҰ мүшелерін қосуды ұсынды. Сонымен қатар, жиын барысында жергілікті ҮЕҰ жетекшілеріне де бірқатар пайдалы кеңестер берілді. Жиын барысында үкіметтік емес ұйымдар өз жұмысын ширату үшін өзі талпынып қана қоймай, өзгені де жігерлендіре алуы тиіс деген ортақ тоқтам жасалды.

Кездесу соңында «Мейірімді жүрек» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Эльвира Алпанбаева белсенді азаматтық қоғам қалыптастыру жолында ҮЕҰ мүшелеріне мол тәжірибе берген Гүлнәр Құрбанбаева ризашылығын білдіріп, Алғыс хат тапсырды.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ДІНИ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРДЫ




– «Дін» тақырыбы қай кезде болсын өзекті. Қазіргі таңда «діни экстремизм», «радикалды ағымдар» ұғымдары көпшілік көңіліне алаң салып отыр. Діни сауатсыздық салдарынан от басып, теріс ағымның жетегінде кеткен ел жастарының да саны көңіл көншітпейді. Осыған орай, Жезқазған қаласы тұрғындарын ел болашағының күретамырына балта шабар теріс пиғылды діни ағымдардан сақтандырып, негізгі мағлұматтармен хабардар ету мақсатында «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы ғимаратында Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің дінтану кафедрасының оқытушысы, исламтану бойынша PhD докторы Сәмет Оқан, Қарағанды облысы дін істері басқармасының діни бірлестіктермен жұмыс бөлімінің басшысы Жанболат Сектай мемлекеттік қызметкерлермен, мектеп мұғалімдері және аймақ имамдарымен кездесіп семинар өткізді.

– Біздің Жезқазған өңіріне келудегі басты мақсатымыз – діни жат ағымдармен күрес жүргізу. Халықтың теріс ағымдарға бойұсынуы – діни білімнің таяздығы, діни мәтіндерді кері пайдалану, ауыспалы мағынаға ие құран хадистерін дұрыс түсінбеушілік. Бұндай қателік көпке белгілі ғұлама шейхтардан да білім алып келген дінтанушылардың арасында да жиі кездеседі. Олардың өзі ислам дінін тек «намаз оқу, ораза ұстау және жиһадқа шығу» деген қағидамен байланыстыра өмір сүреді. Міне, тұрғындарды осындай теріс пікірлерден сақтандыру мақсатында бүгінгі семинарға көбіне аймақ имамдарын жинадық. Себебі, имамдар – әрдайым халықпен тығыз қарым-қатынаста болады. Дін саласын кеңінен зерттеймін деп шетел асудың қажеті жоқ. Себебі, Қазақстанның «Дінтану» мамандығы оқытылатын кез келген жоғары оқу орны білікті мамандарды даярлап шығуға қауқарлы. Және қуантарлық жайт – біз тәрбиелеген шәкірттердің ешқайсысы теріс ағым жетегіне ермеді. Олар дінтану саласымен қатар, қоғамның түрлі салаларында абыроймен қызмет атқаруда. Себебі, біз мектеп бітіріп келген жастардан шығармашылық емтихан аларда олардың радикалды көзқарастарына да терең сараптама жасаймыз. Өйткені, он бірінші сыныпты енді ғана бітіріп, дінтану саласына келген кез келген жастың теріс діни сенімге ие немесе ие емес екендігін оңай аңғаруға болады, – деді Сәмет Оқан газетімізге берген сұхбатында.

Семинардың екінші бөлімінде имамдарға «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының мемлекеттік бағдарламалар жөніндегі бас маманы Шолпан Талап пен Жезқазған қаласы жұмыспен қамту орталығы басшысының орынбасары Сәуле Тұтқышева тұрғындарға өз кәсібін ашу мақсатында көрсетілетін жеңілдіктермен және «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасымен таныстырды. Мамандар семинарды бұдан әрі Жаңаарқа ауданы мен Қарағанды қаласында жалғастыратын болады. Семинар соңында имамдарға арнайы сертификаттар табысталды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ – БАСТЫ НАЗАРДА

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Бұл құрылымдық өзгеріс те осы саладағы жұмыс сапасының артуына өз ықпалын тигізуі тиіс. Сонымен бірге, осыған дейінгі қолданыстағы реттеуші құжаттар жаңаратын болады. Жаңадан экологиялық кодекс қабылданады. Оның жобасы қазір министрлік сайтына орналастырылып, қоғам талқысына ұсынылды, – деген ол аймақтағы ірі өнеркәсіп нысандарымен әріптестік байланыс нығаятынына тоқталды.

Экология департаментінің басшысы экологиялық талаптарды бұзған кәсіпорындардың төлейтін айыппұлы басқа жаққа емес, осы экологиялық ахуалды оңалтуға бағытталатынын да атап өтті.

Отырыс барысында «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС тау кен-өндірістік кешенінің бас энергетигі Сәкен Жылқыайдаров, «Kazakhmys Smelting» ЖШС Жезқазған мыс зауытының директоры Ербол Адреисов, «Kazakhmys Energy» ЖШС Жезқазған жылу энергия орталығының операциялық директоры (бас инженер) Мадияр Алтыбаев сөз алып, аталған кәсіпорындардағы экологиялық талаптардың орындалысы, өндірісті модернизациялау жұмыстарына тоқталды.





Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, «Nur Otan» партиясының «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов Кеңгір су қоймасының айналасындағы тазалық, Жезді су қоймасының ахуалына қатысты ойларын ортаға салды. Қоғамдық кеңес мүшесі Жүрсінбек Лекеров баяндама жасап, экологиялық ахуал кеңес мүшелерінің үнемі назарында болатынын, қала басшылығы, өндіріс жетекшілері экологиялық талаптарды қатаң сақтауы керектігін баса айтты.

Кеңес отырысының соңында Қарағанды облысы бойынша экология департаментіне, облыстық табиғи ресурстарды пайдалануды реттеу басқармасына, «Нұра-Сарысу бассейні инспекциясы» республикалық-мемлекеттік кәсіпорнына, Жезқазған қаласы әкіміне, «Kazakhmys Smelting» ЖШС, «Kazakhmys energy» ЖШС басшылығына мүдделі басқа да мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, мыс зауытында күкірт-қышқылы цехының құрылысын бастап, 2022 жылға дейін аяқтау, шикізатты кешенді пайдалануға бағытталған ғылыми негізделген шешімдер қабылдау, алдағы 4-5 жыл ішінде жылу энергия орталығын көгілдір отынға көшіру мүмкіндіктерін қарастыру, Жезқазған қаласы кәріз тазалау жүйелерін жаңғыртудың жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеу мерзімдерін қысқартуға бағытталған шараларды қолға алу, 2020 жылдан бастап шағын, орта және ірі бизнес субъектілерімен атмосфераға тасталатын зиянды қалдықтарды азайту жөнінде меморандумдар жасау тәжірибесін енгізу, қала орталығына ауа атмосферасының ластану деңгейін көрсететін LED экран орнату, Жезқазған кен байыту фабрикаларының қалдық қоймасын биіктету жұмыстарының нақты аяқталу мерзімін анықтау, мыс зауыты, жылу энергия орталығы, байыту фабрикаларынан ластағыш қалдықтар шығуы мүмкін көздерді тексеру, қаладағы экологиялық ахуал жөнінде ай сайын тұрғындарды хабардар етіп отыру, Жезқазған ботаника бағының жұмысын жандандыру, ҚР «Су кодексі» талаптарының сақталуын бақылау, Кеңгір су қоймасы жағалауына баланстық иелік етуді анықтау, И.Деев көшесі бойындағы тұрғын үйлерден Кеңгір су қоймасына құйылатын жылғаларды анықтау туралы бірқатар ұсыныстар берілді.

Кеңес отырысын қорытындылаған Сағындық Үсенұлы кеңес ұсыныстарының орындалысы бақылауда болатынын, оның орындалуы барысында да бірнеше басқосулар ұйымдастырылатынын атап өтті.

**Өз тілшіміз**

ҮШТІЛДІЛІК – КЕМЕЛДІК БАСТАУЫ

**Кейде қазақша әп-әдемі сөйлеп тұрған басқа ұлт өкілдерін көрсек, ішіміз жылып, қуанып, сүйсініп қалатынымыз рас. Бір жағынан мұнымыз дұрыс та ғой. Өйткені, өзгенің өзіне деген құрметін көру, сезіну жаныңды жадыратып тастайды емес пе? Бірақ, біз көбіне осындай жағдайда оларға орынсыздау бір сұрақ қояды екенбіз. Бұл қандай сұрақ дейсіз бе? Сүйсінісімізді, таңқалғанымызды жасыра алмай, олардан «Қазақшаны қалай үйреніп алғансың?», – деп сұрайтынымыз дұрыс емес екен. Бұған бірер мысал келтіре кетейін.**

# «НЕГЕ ҚАЗАҚША БІЛМЕУІМІЗ КЕРЕК?»



Ара-тұра кафеге соғатынымыз бар. Көзі мойылдай қап-қара, жүзінен нұр төгілген даяшы қыз баланың әдептілігі қандай? «Аға», «көке» дегенде іші-бауырыңа кіріп барады. Отырғандардың бәрі оған асқан сүйіспеншілікпен қарап, қызметіне де, сөйлеген сөзіне де, әдептілігіне де риза болып отырды. «Басы бос болса, балалардың бірімен таныстырып жіберсек, тамаша келін болғалы тұрған бала екен» деп қалды үлкендердің бірі. Ол келесі бір келгенінде әлгі ағамыз оның тамырын басып көру мақсатында: – Өзіңдей қазақтың қызын келін еткім келіп отыр, үйдің адресін берші қазір барып, құда түсейін, – деп, әзілді-шынды сыр тартпаққа ұмтылды.

Бұл сөзге даяшы қыз: – Көке-ау, мен қазақ емеспін ғой. Келін ете қоймассыз – деп күле жауап жауап берді.

– Қазақ емеспінің қалай? Сонда кімсің? – деген ағамыздың сауалына қайтарған жауабынан оның ұлты өзбек екенін білдік.

– Жарайды, әкең өзбек болғанмен, бірақ, анаң қазақ шығар? – деген ағам да, нақ бір қазір барып құда түспесе, айрылып қалатындай қояр емес.

– Көке, анам да қазақ емес, ол кісінің ұлты – кәріс – деген кезде, ағамыз да, біз де оған аңтарыла қарап қалдық. Сосын бір-бірімізбен жарыса «Сонда қазақшаны қалай үйреніп алғансың? Әлде қалаға қазақы ауылдардың бірінен көшіп келіп пе едіңдер? Болмаса, қазақ мектебінде оқып па едің?» деген сұрақтардың бірінен соң бірін жаудырдық. Сөйтсек, ол өзіміз тұратын қаланың байырғы тұрғыны екен, ешқайданда көшіп келмепті. Ең қызығы сол, мектепте де қазақша оқымапты. «Орыс мектебін бітірдім, қазір Алматыдағы шетел тілдері университетінде оқимын. Болашақта ағылшын тілі маманы болғым келеді. Қазір -каникул. Сосын ақша табайын деп жүргенім ғой» деген Гүлшот өзін біршама кеңірек таныстырды. «Сонда қазақшаны қалай үйреніп жүрсің? Қайдан білесің?» деп біз де тақымдай түстік.

«Қазақшаны неге білмеуіміз керек? Көршілеріміз – қазақтар, ауладағы балалардың көбісі – қазақ балалары. Өзім солардан үйрендім. Үйдегілер де кішкентайымнан маған «қазақша үйреніп ал, одан кем болмайсың, қайта керісінше, түбі көптеген артықшылықтарын көресің» деп үйретіп, бағыттап отырды» деген Гүлшотты басқа ұлтқа қимаған қалпында, ұрпағына жақсы жол сілтеген ата-анасына риза болып қалдық.

Тағы бірде бір жиынға барғанымызда сары алтындай бір қыз бала бізбен қазақша сөйлесіп тұрған. Сөйтіп тұрғанда, жанына келген басқа бір қазақ қызы екеуі алғашында қазақша бастағанмен, сөздерін орысша жалғап кетті. Олардың мұнысын құп көрмегендіктен, «Нұрсұлтан аталарыңның қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін» дегенін білесіңдер ме?» – деп қалдым. Сөйтсем, «сары алтыным» «Аға, мен қазаққа ұқсаймын ба?» деп қарап тұр. «Қазақ емей кімсің?» деппін қапелімде аузыма басқа сөз түспей. «Менің ұлтым – татар», – деді ол. Есімі – Зарина екен. Сол үйреншікті сұрақты еркімізден тыс оған да қойып жібердік: «Қазақшаны қалай үйреніп жүрсің? Қайдан білесің?»

«Аға, неге қазақша білмеуіміз керек. Әке-шешем мені қазақ балабақшасына берген, былтыр ғана қазақ мектебін бітірдім», – деген Зарина «орыс мектептеріндегі қазақ тілі» мамандығы бойынша оқып жүргенін де айтты. Ол келешекте орыс тілді балаларға қазақ тілін үйрететін болады.

Қоғамда ең басты тіл – қазақ тілі болатындығына басқалар емес, өзіміз сенбей жүрміз-ау. Басқа ұлт өкілдерінің арасында «Неге қазақша білмеуіміз керек?» дейтіндердің қатары көбейе түскені байқалады. Олардан «Қазақшаны қалай үйреніп алғансың?» деп сұраудың өзі әбестік болып саналатын кезеңге жақын қалғандай. Бұл сөзіме не дейсіз?

**Абдолла НҰРТАУҰЛЫ**




# БАБАЛАР РУХЫНА ТАҒЗЫМ

**Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында жылдағы дәстүр бойынша Төлегетай, Қылышты Ата кешенді кесенесінде бабалар рухына арналып ас берілді.**



Жаңақорған ауданы орталығынан 30 шақырым жерде орналасқан кесене басында жыл сайын Найман ата ұрпақтары ас өткізуді дәстүрге айналдырған. Биылғы асты өткізуге Түркістан облысы жауапты болып, 21 қыркүйекте ас өз деңгейінде ұйымдастырылды. Асқа еліміздің әр облыстарынан, сондай-ақ, көрші Қырғыз Республикасынан, Өзбекстаннан қонақтар шақырылды. Астың құрметті қонақтары арасында ғалым, жазушы Тұрсын Жұртбай, мемлекет және қоғам қайраткері Жекен Қалиев, Кетбұқа-Төлегетай халықаралық қайырымдылық қорының президенті, кәсіпкер Қайрат Мусин бастаған сыйлы азаматтар да болды. Жезқазған делегациясын асқа «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Төлеген Бүкіров бастап барды.

Қылышты ата мен Төлегетай кешенді кесенесінің басындағы алаңға жиналған жұртшылық аруақтарға құран бағыштап, зиярат жасады. Жас буын үшін тағлымды әңгіменің тиегі ағытылып, арғы-бергі тарихтан сыр шертілді.

– Кез келген жиын, той, ас қазіргі қазақ жағдайында бірліктің, ынтымақтың, елдіктің туын көтеруі керек. Әрбір игілікті іс осы Тәуелсіздік құндылықтарын мәңгілік етуге арналуы керек. Әр азамат өзінің туған ата-бабасына құрмет көрсете отырып, қазақтың бірлігіне, оның ынтымағына қызмет етеді. Бұл той, бұл ас та қазақтың тарихы үшін, ұрпақ тұтастығы үшін маңызды. Мұндай жиындарда өткен тарих айтылады, шежірелер салыстырылады, өткен қателіктер ойға, қаперге алынады. Соның өзі тарих үшін – үлкен сабақ, – дейді асқа келген Тұрсын Жұртбай.

Ас басында әр өңірден келген азаматтар, қырғыз, өзбек елдерінен келген қонақтар елдік пен ерлік, ұрпақ сабақтастығы мен жас буынның ынтымағы туралы келелі әңгімелер қозғады.

– Ел мен елдің арасын жалғап, алыстағы ағайынмен табыстыратын мұндай жиындардың мән-маңызы зор. Осы асты ұйымдастыруға атсалысқан барлық түркістандық ағайын-бауырға алғыс білдіремін. Әр аймақтан келген қонақтар мазмұнды астың куәсі болып, көтеріңкі көңілмен қайтады деген сенімдемін, – дейді асты ұйымдастыру алқасының төрағасы Мақсұт Атанбаев.

Түс ауа Жаңақорған ауданы орталығында үлкен бәйге өтті. Бәйгені Түркістан қаласы мен Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы Нышанбай Төрежановтың ұлы Ерболат Төрежанов ұйымдастырды. Құнан бәйге, топ бәйге, аламанның әрқайсысына отызға тарта жүйрік қосылды. Құнан бәйгенің бас жүлдесі Daewoo Nexia автокөлігі мен топ бәйгенің бас жүлдесі Уаз-Патриот автокөлігі Алматы облысына бұйырса, Аламан бәйгенің бас жүлдесі Toyota Camri авткөлігі Қызылорда облысында қалды.

Ақылдастар алқасының шешімімен Төлегетай, Қылышты Ата басында келер жылы өтетін асқа Семей қаласы жауапты болып белгіленді.

**Өз тілшіміз**

**Кеңгір селосында көп балалы отбасы балаларына арналған «Балдәурен» дамыту орталығы ашылды. Аналар мен балғындарды қуанышқа кенелткен – «Өркен-Сәуле» қоғамдық бірлестігі.**

# КЕҢГІРЛІК БАЛҒЫНДАРҒА ТАРТУ



Өз жұмысын 2017 жылы бастаған қоғамдық бірлестік қазақ халқының ұлттық құндылықтарын насихаттап, жаңғыртуды көздейді. Кеңгір селолық округіне қарасты ауылдарға барып, жастар арасында теріс діни ағымдардан сақтанудың жолдарын нұсқап, қазақтың наным-сенімі мен әдет-ғұрпын кеңінен таратып жүрген Сәуле Аманжолованы кеңгірлік балақайлардың бәрі бірдей мектепке дейінгі біліммен қамтылмағаны қынжылтқан екен. Осылайша, ол «Эко орталық» қоғамдық бірлестігі мемлекеттің қолдауымен өткізген конкурсқа қатысуға ниет танытқан. Қарағанды облысы бойынша бөлінген алты гранттың біреуін, яғни 500 мың теңгені иеленген Сәуле Сабырқызы ойланбастан дамыту орталығын ашты. Әкімдік ғимаратынан орын тепкен «Балдәурен» орталығында қазір 24 бүлдіршін тәрбиеленіп жатыр.

– Кеңгір селосында 53 көп балалы ана бар. Ауылда балабақша мәселесі өте өзекті. Мектеп жанынан ашылған шағын орталық барлық баланы бірдей қамти алмайды. Тіпті, балабақшаны кейбірінің қалтасы да көтермейді. «Балдәурен» дамыту орталығы аптасына екі рет екі топты қабылдайды. Тәрбиешілер Шырынкүл Рахымбекова мен Кристина Гуляс оларды білім мен өнер әлеміне жетелейді. Қазірдің өзінде балақайлар Әнұранды жатқа айтып, санап үйренді. Әріптермен де танысып жатыр, – деген жоба жетекшісі дамыту орталығы тегін қызмет көрсететінін жеткізді.

Ашылу салтанатына қатысып, дамыту орталығының алдағы жұмысына сәттілік тілеген «Эко орталық» қоғамдық бірлестігінің директоры Меруерт Құрманбаеваға кеңгірлік ата-аналардың алғысы зор.

– «Балдәуреннің» ашылуы біз үшін үлкен қуаныш. Біз балаларымызды күн сайын орталыққа әкелуге даярмыз. Ұл-қыздар оңы мен солын танып, жаңа қырынан таныла бастады. Балалармен тіл табысуды үйренді. Үйден бір мезгіл шығып, сергіп келеді. Орталыққа барар күнді санап жүретінін не етерсің?!», – деп қуанышымен бөліскен көп балалы ана жоба ұйымдастырушысы мен қолдаушыларына ризашылығын білдірді.

**Бота ШАЛҚАР**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ ҚОҒАМ ДАМУЫ ҮШІН ҚАЖЕТ

**Гендер қоғамның әлеуметтік ұйымына бағынышты ерлер мен әйелдер қызметінің теңдігін белгілейді. Гендерлік саясат әйелдерге тең қол жетімділікті және өмірдің барлық салаларына қатысуды қамтамасыз етуі қажет. Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясаттың негізгі принциптері ерлер мен әйелдер үшін Қазақстан Республикасы Конституциясымен кепілдендірілген тең құқықты және бостандықты орнатады. Гендерлік теңдік саясатының алға жылжуы үшін әйелдер саяси, экономикалық және қоғамдық өмірге белсенді араласуы қажет.**



Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат ерлер мен әйелдердің құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін қоғамдық қатынастардың барлық салаларында бірдей қорғалуына жағдай жасайды.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан гендерлік саясатты жүзеге асыру жолында белгілі бір жетістіктерге жетті. Бірінші кезекте бұл – әйелдердің мүмкіндіктерін дамытуда, ер азаматтар мен әйел азаматтарының еңбек жағдайларының теңдесуі. Оның ішінде бизнес, саясат және мемлекеттік басқару, білім беру және денсаулық сақтауға тең құқықтылық, сонымен қатар, ана мен баланың жан-жақты қамтамасыз етуін қамтиды. Бүгінде Қазақстанда гендерлік және отбасы-демографиялық саясаттың негізді құқықтық базасы құрылған. Сонымен, гендер дегеніміз – ерлер мен әйелдердің мінез-құлқын, сондай-ақ, олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени нормалары мен рөлдерінің жиынтығы. Гендер (ағылш. gender) – қоғамдағы адамның жүріс-тұрысын анықтайтын әлеуметтік жыныс. Ал, гендерлік саясат – қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет.

Ерлер мен әйелдердің мүмкіндіктерінің теңдігін қамтамасыз ету үшін Елбасымыздың жарлығымен 1998 жылы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия құрылды. 1999 жылы әйелдердің жағдайын жақсартуға бағытталған Ұлттық жоба Үкіметпен бекітіліп, қазіргі таңда 80% жүзеге асырылған.

Ұлттық коммисия өз қызметшегінде, заң жобасын жасауда және нормативтік құқықтық актілер, стратегия, мемлекеттік бағдарламалар мен тұжырымдар жасауға қатысып, мемлекеттік органдардың басшысын тындап, отбасылық және гендірлік теңдік заңдылықтарын бұзу фактілері бойынша тексеру мен қызметтік тергеу жүргізуді талап етуге құзіретті.

Қазақстан Республикасының гендерлік саясатты жүзеге асыру шеңберінде қоғамдық өмірдің барлық саласында ерлер мен әйелдердің теңдігінін көздейтін қоғамдық сана қалыптастыру қажет.

**Медет АЙМЕНОВ,**
**Қарағанды облысының № 2 кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы**

## ЖАҚСЫКЕЛДІ СЕЙІЛОВТІҢ ТУҒАНЫНА 70 ЖЫЛ

# ӨНЕР КӨГІНЕН АҚҚАН ЖҰЛДЫЗ



**Қазақтың ән өнерінде өшпес із қалдырған дарынды тұлғаларымыздың бірі, талантты композитор әрі әнші Жақсыкелді Сейіловтің туғанына биыл 70 жыл толып отыр. Ол осыдан тура 22 жыл бұрын елуге де жетпестен өмірден өтті. Артында сыршыл әндері қалды. Еліне ерте танылған тума талант өнер көгінде жарқырай жанып, аққан жұлдыздай із тастап кете барды. Ізі ізгілікті, мұрасы мол – жауһардай құнды таза әндер болатын. Жақсыкелді әндерінің болмысы бөлек, бояуы қанық, жасандылықтан ада екені белгілі. Өмірдің өзіндей мұң мен сырға толы, шынайылығының арқасында талай жылдан бері халқымыздың жүрегінен өшпей бірге жасап келеді.**

Таланты да, тағдыры да ешкімге ұқсамайтын айрықша дара тұлға Жақсыкелді Уәлиұлы 1949 жылы 26 қыркүйекте Ұлытау ауданының Алғабас аулында дүниеге келген еді. Жақсыкелдіге тағдыр зіл батпан ауыр салмағын жастайынан салды. Ол бесікте жатқан шағында аяулы анасынан, енді жүре бастаған екі-үш жасында қос жанарынан айрылды. Ағайынның қамқор тілегі, ыстық жүрегімен сүйемелденіп есейіп, ержеткен ол өмірді шексіз сүйіп өтті. Сегіз жасында Қарағанды қаласындағы мүгедек балаларға арналған мектеп-интернатқа орналасып, сол жерде білім алды. Мектептің көркемөнерпаздар үйірмесіне белсене қатысты. Музыкаға бейім болды. Мектеп-интернаттағы оқуын 1965 жылы аяқтағанда баян аспабында жетік ойнайтын болып шыққан еді.

Бұралаң тартқан өмір соқпағы Жақсыкелдіні бойдағы талантының арқасында өнер жолына әкелді. Ол 1968-1978 жылдары Жезқазған қаласындағы №8 қазақ орта мектебінде ән-күй пәнінен сабақ берді. Мектеп оқушыларын ән өнеріне баули жүріп бірнеше мәрте қалалық, облыстық байқаулардың жеңімпазы атанды. Сонымен қатар, 1970 жылдардан бастап «Металлургтер» Мәдениет сарайы жанынан құрылған көркемөнерпаздар тобына жетекшілік жасады. Сол жылы «Қаракөз» ансамблі құрылып, қаламен қатар маңайдағы ауылдарға өнер көрсете бастады. Тек Жезқазған өңірі ғана емес, барша өнер сүйер қауым жақсы біледі, Жақсыкелді Сейілов есімі жетпісінші жылдары «Қаракөз» ансамблімен бірге көктегі жарық жұлдыздай жарқырай көрінген болатын. Ол кезде қазақ өнер ұжымдарының онша қанат жая қоймаған кезі. Жәкең қазақ эстрада ансамблін 1969 жылы ұйымдастырып, Сәлімжан Сейілов екеуі оның құрамына талантты жастарды топтастыра білді. Ансамбль «Қаракөз» атауымен елге жетпісінші жылдары таныла бастады. Болат Есмұқанов, Роза Байбосынова және көптеген басқа да жас өнерпаздар үлкен өнерге осы ансамбльден қанат қаққаны белгілі. Жәкеңнің шығармашылықтың шыңына өрлеуі де осы ортадан бастау алды. Қазақтың кең даласына сыршыл әнімен танылып, өнер жолында өміршең мұраларын қалдырды.

Талантымен таңдай қақтырған Ж.Сейілов 1973 жылы Бүкілодақтық саяси әндер конкурсының, 1979 жылы республикалық «Жігер» фестивалінің лауреаты, 1985 жылы Ұлы Жеңістің 40 жылдығына арналған Бүкілодақтық көркемөнерпаздар байқауының және Шәмші Қалдаяқов атындағы республикалық конкурстың лауреаты атанды. Орындаушылығымен қатар талай тамылжыған тамаша әндер туды. Ол жолдастарын Армия қатарына шығарып салып, толғанып отырғанда «Ана туралы баллада» әнін шығарыпты. Бұл әнді анасы Ақбалаға деген өшпес ескерткіш деп бағаласа болады. «Әке туралы ой» әні 1973 жылы дүниеге келген. Әр әнінің өзіндік тарихы бар. Алғашқы әні «Дала жолынан» бастап, «Әке дауысы», «Кездесу», «Жезқазған маршы», «Жезкиік» болып кете береді. Осылайша ел жүрегін елжіреткен өміршең әндер бірінен соң бірі туып, Жақсыкелді әндерін тек қазақ даласы емес, көршілес елдердің өнер сүйер қауымдары да ауыздарынан тастамайтын халге жетті. Оған 1990 жылы Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері атағы берілген болатын. Жәкең өмірінің соңына дейін облыстық филармония жанынан құрылған «Жезкиік» ансамблінің құрамында Қырғызстан, Түркменстан, Қарақалпақ, Прибалтика республикалары, Моңғолия, Германия, Исландия сияқты көптеген елдерді аралап, ерекше өнерімен тыңдарманын тәнті етті. «Жезкиік», «Байқоңыр» «Ой, тамаша», «Ән көңілдің ажары» ансамбльдерінің музыкалық көркемдеушісі болып Жезқазған өнерінің өркен жаюына көп еңбек сіңірді.

«Қолда барда алтынның қадыры жоқ» демекші, біз арамызда жүргенде өнер өлкесінің «Жезкиігі» атанған Жәкеңді жете бағалай алдық па деген ой қылаңдайды кейде. Жарқ етіп көрініп, жалт етіп өмірден өткеннен кейінгі құрметіміз қандай болды деген сауал да сананы қамшылайды. Осындайда Жезқазған облысын 1994-1996 жылдары басқарған іскер де өжет әкім Қажымұрат Нағымановтың бір мәрттігі еске түседі. Концертке келіп «Жезкиік» әнін тыңдаған Қажымұрат Ыбырайұлы ерекше әсермен сүйсініп, қолындағы алтын сағатын Жақсыкелдіге шешіп берген еді. Бұдан соң қуықтай 2 бөлмелі пәтерде тұратынын білгеннен кейін көп кешікпей 4 бөлмелі жаңа үйге кіргізді. Сол кезеңде Қайырбек Сәдуақасов ағамыз облыстық мәдениет бөлімін басқаратын. «Осындай талантты жанды тар екі бөлмеге қамап қойғандарың қалай?» деп ренішін білдіріп, Қажекеңнің мәселені оңынан шешкенін көпке дейін сүйсіне айтып жүргеніміз есте. Ал, «өнер көгіндегі жарық жұлдызға өмірден өткеннен кейінгі құрметіміз қандай?» дегенде күмілжи берерміз анық. Қажекең берген үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылғанын дәтке қуат еттік әйтеуір. Жақаңмен филармонияда бірге еңбек етіп, 20 жылдай қатар жүрген Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Береке Көшенов былай дейді:

– Жәкеңнің қай әндері болмасын ұлттық, классикалық талаптарға толық жауап бере алады. Ұлттық ән өнерімізді барынша байытып кеткен айтулы композитор. Қадіріне жете алмай жүрміз. Тек іздеушісі жоқ, насихат аз демесек. Өмірден өткеніне жиырма жылдан асты, не бір көшеге, немесе өнер ошағына есімі берілмеді. Филармония ұжымының қолдауымен еске алу кештерін өткізіп жүрміз. Осыдан екі жыл бұрын облыста өткізілді. Бар қолдан келгені сол. Енді биыл туғанына 70 жыл толуына орай республикалық ән байқауы өткізілмекші екен. Осындай шаралар жалғасып, дәстүрге айналса деп отырмыз.

Иә, Береке әнші айтса айтқандай, біраз жылдар қаламызда Жақсыкелді есімін жаңғыртатын жарастықты шаралар кемшін қалғаны жасырын емес. Көзі тірісінде, 1981 жылы «Өнер» баспасынан 11 әні топтастырылған «Жезкиік» әндер жинағы жарық көрген еді. Алғысөзін ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, композитор Нұрғиса Тілендиев жазып, сәттілік тілеген болатын. Кейінде әндерін нотаға түсіріп, жинақтау немесе әндерінің таспаларын шығару сияқты ізгі шаралар қолға алынбады. Осы кейінгі төрт-бес жылдың ішінде ептеп бетбұрыс жасалып жатыр. Еске алу кештері ұйымдастырылып, 2017 жылдың қыркүйек айында «Өнер өлкесінің «Жезкиігі» атты Ж.Сейілов атындағы I облыстық әншілер конкурсы өткізілді. Енді міне, айтылған тілектер қабыл болып, бұл шараның үстіміздегі жылдың қазан айында қаламызда өткелі отырған Жақсыкелді әндерінің республикалық байқауына жалғасатындығы қуантады. Республикалық конкурсты жоғары дәрежеде өткізсек деп тілекші болып отырғандардың пікіріне де құлақ түре кетсек артық болмас.

**Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, филармония әншісі Ғалым МҰХАМЕДИН:**

– Жәкеңмен талай гастрольдік сапарларда бірге жүріп, сырлас болып әндеріне сусындаған кездерді ұмытпаймыз. Өзінің қалауымен біраз әндерін домбыраға қостым. Негізінен, эстрадалық әуенмен айтылып келген «Жезкиік» әнін алғашқы рет мен домбырамен Қарқаралыда орындаған едім. Жәкең ұнатты. Ел ішіндегі Оралтай Сүлейменов, Жарұлла Шайхин сияқты әншілер де айтып жүретін. Содан 1978 жылы Алматыда облыстық филармониялардың күндеріне барғанымызда «Жезкиікті» Республика сарайында шырқадым. Іс-шарамыздың соңынан белгілі композитор, қазақ радиосының музыкалық редакциясының редакторы Әшірхан Телғозиев қолқалап студияға шақырды. Сол жолы радио қорына Жәкеңнің «Жезкиігімен» бірге домбырамен айтқан «Достық сағынышы», «Әкелер туралы ой» әндерін де жаздырған болатынмын. Мұндағы айтпағым, мынау алдағы республикалық конкурста Жақсыкелді әнін орындаушылар дәстүрлі ән негізінде айтудан тартынбай, ұлттық аспабымызбен қосыла шырқаса жарастықты болар еді деп ойлаймын.

**Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, драматург Кенжебай АХМЕТОВ:**

– Республикалық фестивальде өнерпаздарды жинап алып Жақсыкелді әндерін орындап шығумен шектелуге болмайды. Мәселен, Жәкеңе арнап ән шығарғандар бар. Болат Есмұхановтың «Жарығым-ай» туындысы, Сәтбаев қаласындағы әнші Мұрат Сейтеновтің де бір әні бар. Солардың да орындалуы қамтылса. Ән байқауын үлкен өнер мерекесіне айналдыру керек. Ол үшін осы өңірден шыққан және композитордың әндерін орындап жүрген атақты әншілер мен өнер жұлдыздарының келіп қатысуын және оларға конкурстан тыс Жақсыкелді әндерін айтқызуды ұйымдастырған жөн, – дейді конкурсқа қатысты пікір сұрағанымызда.

Иә, насихаттай білсек, Жақсыкелдінің ән мұрасы бай. Тыңдаған жанның ой сезімін мұңға бөлейтін лирикалық әуендері мен жігер отын қайрап, ой тереңіне бойлататын әуезі бөлек саздары да ерекше. Шәмші Қалдаяқов, Нұрғиса Тілендиев, Әсет Бейсеуов, Ескендір Хасанғалиев сынды айтулы композиторлар оның әндерін жақсы бағалап, пікірлерін білдірген. Өнертанушы әрі композитор Ілия Жақанов: «Әр сазгердің өз биігі бар. Жақсыкелді үшін ең биік шың ол – «Жезкиік». «Жезкиік» – махаббат поэмасы және сұлулық әні» деп баға берген екен. Шындығында, Жәкең жалғыз «Жезкиік» әнімен-ақ қазақ өнерінің көгінде жарқыраған жарық жұлдыз болып қалар еді. Осы мәтінге ән шығарған Н.Тілендиев те Жақсыкелді әнін айрықша бағалаған ғой. Бұл әннің әсемдігі өзінің эпикалық кең тынысында жатыр. Ал, «Ұлытау» әні ше? Ақын Сайлаухан Нәкенов ағамыз сөзін жазған, алғашында «Туған жер» аталған әнді тыңдаған ұлы композитордың бірі Нұрғиса: «Бұл ән нағыз Ұлытаудың гимні ғой. Ұлытауға бұдан асырып не ән жазуға болады?!» деп, өзінің Ұлытауға арнап ән жазуға келген ойынан айныған көрінеді. Міне, Жәкеңнің қай әніне болмасын өнер тарландары да, қарапайым жұртшылық та осындай тамаша баға беріп, сүйсіне тыңдары сөзсіз.

Баянын бебеулете тартып, әнді үзілдіре, үздіктіре орындайтын Жақсыкелдінің әншілік қабілеті де ерекше еді. «Жігітке жеті өнер де аз» дегендей, ақындығы және бар. «Айналайын Қанатымның» сөзін өзі жазған. Қайын жұртының қарашаңырағында Қанат есімді сәби дүниеге келгенде Жәкең ерекше қуанып, шілдеханасына осы әнін тарту етіпті. Қазақтың көрнекті ақыны Аманжол Шәмкеновтің өлеңдеріне көптеген ән жазғаны белгілі. Кейін ақынның өзімен де кездесіп, сырлас дос-жар болып кетеді. Ақын ағасына сүйсіністен туған жеті-сегіз ауыз өлеңі де оқыған жанға ойлы, әсерлі.

...Міне, Жақсыкелді ағамыздың «Неге солай?» әні шырқалып жатыр. Құлаққа да, жүрекке де шымырлап жол тауып, бойды балбыратып, ойды шарықтатып барады. «Неге солай жаратты екен адамды, Айтшы жаным махаббатта шек бар ма?» дейді әуезді ән жанды баурап. Енді бір сәтте: «Бір-біріне ынтығады неге адам? Жауап іздей жүрші осы бір сұраққа» деп үздіктіреді. Адам сезімін әлдилейтін, өлмейтін, өміршең ән осы болса керек, сірә. Неге солай, жаратты екен адамды...

**Амандық РАХҰЛЫ**

# «ӨТКЕНШЕ ДҮНИЕДЕН ӘН САЛАЙЫН...»

***«Өнер – халықтың ең қымбат қазынасы. Осы асыл мұраны аялай білген, оған деген адалдығын ар тазалығындай сақтай алған жан ғана нағыз өнер адамы бола алады. Азамат, ақын, сазгер, әнші, өнерді өзінен де жоғары қойған саңлақ, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Жақсыкелді Сейілов өнердің осындай ақтангері болатын».***

**Береке КӨШЕНОВ**

Иә, өнердің ақтангері, әнші, орындаушы-аспапшы, «Жігер» фестивалінің жеңімпазы, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, аты аңызға айналған саңлақ сазгер Жақсыкелді Сейілов тірі болғанда биыл 70 жасқа келер еді.

Жақсыкелді Уәлиұлы Сейілов 1949 жылы 26 қыркүйекте Ұлытау ауданының Алғабас ауылында дүниеге келген. Жас нәрестеге қатыгез тағдыр қатал сынағын әзірлеп үлгеріпті. Ол 6 айлығында аяқ астынан шешекпен ауырып, осынау жарық дүниені көруге зар болып қалады. Ал, бір жасында анасы Ақбала кенеттен қайтыс болады. Өмірдің ең ауыр кезеңі әкесінің мойнына жүктеледі. Кейіннен отбасы Теректіге қоныс аударады. Зағип баласының халін ойлап, әкесі 3-4 жасынан бастап емдетпекке әрекет жасайды, бірнеше үлкен қалаларға апарғанмен, медицина дәрменсіздік танытады. Емделу дәмесінен күдер үзгеннен соң әкесі Жақсыкелдіні 9 жасында Қарағандыдағы зағиптар мектебіне береді. Мектеп қабырғасында оқып жүргенде-ақ оның музыкаға деген ерекше құштарлығы байқалады. Жас баланың музыкаға деген қабілетінің барын аңғарған мұғалімдері оны баян класына береді. Қолы қалт еткен шақтарда, түрлі музыкалық аспаптарды жағалап немесе әлдебір әуеннің ырғағын іштей күбірлеп айтып жүретінін ұстаздары аңғарған-ды. Әсіресе баянның сиқырлы үні бала жүрегін қатты жаулап алады. Мектепті бітіргенге дейін өзінің ең қымбат серігі болып кеткен баянын қолынан бір сәтте тастаған емес. Жақсыкелді зағиптар мектебін бітіргеннен соң Жезқазғандағы №8 қазақ орта мектебіне ән-күй пәнінен сабақ беріп, 9 жылдан астам уақыт қызмет етеді. Дүниеге келгеннен тағдырдың сан тауқыметін бастан кешкен Жақсыкелді ағамызды жігерлендіріп, қиялына қанат бітірген жалғыз жол – өнерге деген ерекше дарыны, тума таланты.

1971 жылы Жақсыкелді Сейілов өзінің алғашқы «Қаракөз» вокалды аспаптар ансамблін құрып, жетекшілік етті. Сол арқылы өзі де әнші ретінде көп қауымға таныла бастады, алғашқы әндері де дүниеге келді. «Неге солай?», «Ана туралы баллада», «Кездесу» әндері – оның өнер көкжиегіндегі алғашқы дүйім жұртты тамсандырған туындылары болды. Алғашқы әндерінің халыққа жылы қабылдануы әуесқой сазгерді жігерлендіріп, шабытына шабыт қосты. Жас өнер тобымен республикамыздың көптеген жерлерінде өнер көрсетуі де қиялына қанат бітіріп, талантын ұштауына, шеберлігін шыңдауына игі ықпал етті. 1973 жылы Алматыда өткен саяси әндердің Бүкілодақтық байқауына қатысып, өнер сайысында лауреат атанып, зор табысқа жетеді. Өнер аспанында жұлдызы оңынан туып, тыңдарманына күмбірлеген көңіл-күй сыйлады, шалқар шабыт – дарыны атанды. Ол – композитор. Музыкалық арнаулы білім беретін оқу орнында оқымаса да, талай-талай құлақ құрышын қандыратын әдемі әуезді әндерді дүниеге келтірді. Ән жазған өлеңдерінің бәрі терең философиялық ойға өріліп, азаматтық үлкен жүрекпен сөйледі. Өмірге деген шексіз құштарлықтан шымырлап, ширығып барып туындаған асқақ әуендер еді.

Ж.Сейіловтің қазақ сахарасына қойған ғаламат ескерткіші ол – «Жезкиік» әні. 1975 жылы Жезқазған филармониясынан «Жезкиік» ансамблі ашылды. Бұл ансамбль Жақсыкелдінің ақын Кәкімбек Салықовтың сөзіне жазған «Жезкиік» әнімен аталды. Бұл да Жақсыкелді ағаның асқан биік асуларының бірі болды. Атақты композитор, Халық қаһарманы Нұрғиса Тілендиев «Жезкиік» әні жайында былай деген екен: «...Жезқазғандық әуесқой композитор Жақсыкелді Сейіловтің «Жезкиігін» алғаш тыңдаған сәтте аса толқулы күйге түстім. Ол ән көңілімді құлазытқан жоқ, қуантты. Өйткені, мен одан халқымыздың қанына сіңген қайырымдылық қасиетін сезіндім, табиғаттың бар жаратылысына деген қамқорлықтың ізгі жоралғысын көріп, сұлулықтың сырласы болдым. Иә, мен сол кезде-ақ Жақсыкелді інімнің ілкі қадамынан ізгіліктің нышанын аңғарғанмын». Қазақ ән өнерінің көгіне көтерілген Жақсыкелдінің қай әнін алсаңыз да, өр рухты, терең тебіреністі, жанның жарасын емдейтін сұлу сазды әуенге тап боласыз. Оның әндері әр қазақтың жүрегінен орын алды. Оның сазын түсініп, жанын ұғынып, әндеріне сөз жазған Кәкімбек Салықов, Тұманбай Молдағалиев, Аманжол Шамкенов, Нұрәсила Бәрменбаева, Шынболат Ділдебаев, Сайлаухан Нәкенов секілді заманының қайталанбас есімдері Жақсыкелді Сейіловтің бойына қуат бітіріп, сазгер есімін биікке көтере түсті. Таланттының ешқашанда аты өшпейтіндігі, ісі өлмейтіндігі сол емес пе, Жақсыкелді ағаның «Ұлытауым» атты тамаша әні қазақ халқының мақтанышына, ұлттық пафостағы рухы асқақ туындысына айналды, оны Арқаның әнұраны десе артық емес.

1997 жылы 25 наурызда Жақсыкелді аға жарық дүниемен мәңгілікке қоштасты. Жақсыкелді қазақ халқының өнер аспанында жарқыраған жарық жұлдыз болып қалды.

«Жанарым – түн менің,
Жарқылдап күлмедім.
Жұртымның арқасы,
Жарқырап жүргенім.
Сәулесі санамда,
Ғажап қой далам да.
Ғашық боп өтейін,
Мен мынау ғаламға.
Жеткенше қоңыр қаздай дауысым саған,
Өткенше дүниеден ән салайын...», – деп сазгердің сазды жанын сөз құдіретімен Сайлаухан аға орынды жеткізген. Бұл оның «Өмірге болды ма ешкім мендей ғашық...» деп аталатын соңғы әні, қоштасу әні. Өзі өмірден өтсе де, артында қалған өшпес мол мұрасы, яғни сұлу сырлы әндері мәңгілік ел жадында. 1998 жылдың қыркүйек айында



Жақсыкелді Сейіловтің құжаттары Жезқазған қаласының мемлекеттік архивіне қабылданған болатын. №449 жеке тектік қор құжаттары 1972-1998 жылдарды қамтитын 11 істен, 109 құжаттан тұрады. Өткізілген құжаттары негізінен өмірбаяндық, жеке, қызмет барысындағы құжаттары, марапаттары, фотоқұжаттары. Архивтегі №449 Ж.Сейіловтің жеке тектік қоры әлі де сазгер құжаттарымен толығады деген ойдамыз.

**Жаңагүл ОСПАНОВА,**
**Жезқазған қаласы мемлекеттік архивінің әдебиет, өнер, жеке қорлар, ақпарат және құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің басшысы**

## ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ

# ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ МАҚСАТЫ ОРЫНДАЛУДА

**Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру жөнінде қойған міндеттерге байланысты қазақ әліпбиіне көшудің тиімді жолдары талқыланып, ұсыныстар жинақтау қарқын алды. Осыған орай Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында еліміз үшін аса маңызды зор саяси шешім қабылдағаны баршаға белгілі.**

Тарихқа сәл шегініс жасасақ, латын әрпін қозғаған кезде қазақ тілінің ұлттық үлгісін көрсеткен талантты публицист, туған халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы тералы сөз болады. Ұлы ағартушымыз: «Біздің заманымыз – жазу заманы» - деп, латын әліпбиіне көшу қажеттілігін дәлелдеп берген. Осылайша ағартушы-педагог ғалым: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі», – деді. Сол тұста тағы бір алаш арысы, біртуар мемлекеттік қайраткер Нәзір Төреқұлов та латын әліпбиіне көшуді қызу қолдаған. Мемлекет басшысы айтқандай, қазақ тілі – ол біздің рухани негізіміз. Осы жолда тілдің халықаралық мәртебесін көтеру, біздің әлемдік өркениетке жетуіміздің басты кепілі. Ғалымдар мен тіл мамандарының пікірінше, жаңа әліпби – бүкіл әлем қазақтарын біріктіретін маңызды фактор. Әлемде қанша халық жер шарының қанша пайызы латын әліпбиін пайдаланатыны, қыруар ақпаратты сол алфавит арқылы ағылшын тілінен алатыны айтудай-ақ айтылып жатыр. Бүгінде 4 миллиард 900 миллион адам латын әліпбиін қолданады екен. Орыстың кирилл алфавитімен қоса әлемдік латын әліпбиі арқылы ағылшын тілін де біліп алса, қазақ халқы тек ұтады.

Латын әліпбиіне көшу – заман талабы екені сөзсіз Себебі, әр ұлттың өзіндік бірізділігі, ерекшелігі ең бастысы оның тілімен белгіленеді. Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі тіліміздің әрі қарай жаңғыруына жақсы ықпал етері сөзсіз. Латын әліпбиіне көшу арқылы біз психологиямызды, санамызды орыс тіліне деген тәуелділіктен босатамыз деп ойлаймын. Қазіргі таңда еліміздің барлық аймақтарында латын әліпбиіне көшу жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Қазіргі таңда әр аймақтың, облыстың мамандары халыққа латын әліпбиін үйретіп, латынға көшкендегі жаңа әліпбидің бізді жаңа мүмкіндіктерге, зор жетістіктерге бастайтындығын айтып, сіңіруде. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында 2025 жылға дейін латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін және болашақта барлық саладағы іс-қағаздар мен оқулықтар да осы қаріппен жазылуы тиіс екенін қадап айтты. Демек, көп кешікпей егемен еліміздің латын әліпбиіне көшетіні айқындалды. Ал, осы межелі мақсатқа кедергісіз қол жеткізу үшін не істеу керек? Бұл мәселені жан-жақты талқылау мақсатында республика көлемінде әрбір мекеме, ұйымдарда іс-шаралар ұйымдастырылуда. Әр қаланың көшелерінде, орталықтарында орналасқан сауда-саттық орындары, дүкен атаулары латын қарпімен жазылған. Осыдан-ақ еліміздің өркендеп, дамып келе жатқандығын байқаймыз.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады.

**Сымбат РЫСБЕКОВА,**
**Жезқазған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің латын графикасына көшу бойынша әдіскері**

## ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

# *Жақсылық СӘБИТОВ*: АЛТЫН ОРДАНЫҢ ІЗІН ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖАЛҒАСТЫРДЫ

Ол жерде әр қазақ өзі және өзінің ата-бабасы туралы деректер тауып, ру шежіресін толықтыра алатындай болуы керек, сонымен қатар, егер өзінің шығу тегін білмесе, оны білу үшін генетикалық талдау тапсыра алатындай болуы керек. Бәлкім, Жошы ұлысының музейін де тұрғызу керек шығар, онда бүкіл Алтын Орда (Жошы ұлысы) мен ордадан кейінгі барлық хандықтардың олардың ыдырағанға дейінгі тарихы берілсе. Нумизматикалық музей ашу қажет, онда өткен заманнан бүгінгі күнге дейін Қазақстан жерінде шыққан барлық монеталар қойылса. Бізде монета соғудың көпғасырлық тарихы бар, бірақ біздің музейлерде оны көрмейсің. Одан қалса, Қазақстанда табылған ерте және ортағасырлық монеталар шетелден бір-ақ шығып жатады. Осылайша, Қазақстан тарихи жәдігерлерінен айырылып жатады.

**– Ал генетикалық зерттеулер не дейді? Түркі халықтарының, оның ішінде, атап айтқанда қазақтардың тарихи сабақтастығы фактісін ДНК деректері растай ма?**

– Баязит Юнусбаев командасының генетикалық зерттеулері қазақтардың этногенетикалық ұжым ретінде Алтын Орда заманында құрылғанын көрсетті. Бұл этногенетикалық ұжым ол кезінде өзін қазақ деп атамағаны түсінікті, бірақ қазақтарға тән генетикалық коктейль XIII ғасырда екі популяцияның – жергілікті түркі-қыпшақ және шығыс Азиядан келген моңғол түрік (Қазақстан аумағына келген Моңғол империясының тайпалары ішінде моңғол тілді тайпалар болып қана қойған жоқ) популяциясының араласуынан пайда болды. Бұл фактіні антропологтар да атап көрсетеді. Оразақ Смағұлов та қазіргі қазақтарда бар антрополиялық типтің қалыптасқанын XIII ғасыр деп көрсетеді, бұл кезде Қазақстан халқының моңғолоидтығы 50 %-дан 70 %-ға дейін өскен. Сонымен қатар, белгілі антрополог Леонид Яблонскийдің зерттеулері қазақтардың Алтын Орда көшпенділеріне мейлінше антропологиялық жақындығын көрсетеді. Сонымен қоса, У-хромосома полимофозына жасалған генетикалық зерттеулер қазақ руларын негізін салушылардың көп бөлігі Алтын Орда өмір сүрген уақытқа келетінін көрсетеді. Осылайша, Алтын Орданың өмір сүрген уақыты қазақ тарихы үшін маңызды өзекті уақыт/заман болғанын генетика мен антропология көрсетеді.

**– Көп рахмет. Сізге әрі қарай да шығармашылық табыс тілейміз!**

*Дереккөз:* **e-history.kz**

# ЖАС ТУРИСТЕР – ҰЛЫТАУДА



**Халықаралық туризм күніне орай ұлт ұясы Ұлытаудың баурайында жастар ресурстық орталығы мен «Ұлытау қыздары» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен аймақтық туристер слеті өтті.**

«Тарихы терең Ұлытаудың қадір-қасиетін бағалай білу – баршамызға ортақ парыз. Еліміздің осындай баға жетпес бай мұрасын өзге жұртқа танытудың жаңаша жолдарын ойластыруымыз керек. Ұлытау – халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығы болуы тиіс», – деп Мемлекет басшысы атап өткендей, туризмді дамыту күн тәртібінен түспеуі қажет. Сондықтан, ұйымдастырушылар Жезқазған қаласының 65 жылдық, Ұлытау ауданының 80 жылдық мерейтойына арналған, Жастар жылының аясында аймақтық туристер слетін өткізуді қолға алған-ды. Туристер слетінің салтанатты ашылуында Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары Бағдат Байжантаев құттықтау сөз сөйлеп ашты.

Жезқазған қаласы жастар ресурстық орталығының директоры Ботакөз Мұхиден өз сөзінде еліміздің тарихқа тұнған тауы мен тасын, дархан даласын әлемге паш ету жастардың үлесінде екендігіне баса назар аудартты. «Ұлытау қыздары» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Рахыш Нәшкенқызы слетке қатысушыларға сәттілік тілесе, төреші Дархан Қадырұлы туристік слеттің ережесімен таныстырды. Өңірде туризм саласын дамытуға үлес қосып жүрген слеттің бас төрешісі Ғалым Асанов командалар тартысты ойын көрсететініне сенім білдірді.

Туристік слетке жалпы 6 туристік топ қатысты. Атап айтсақ, олар: «Дантист» (медколледж), «ЖезГум» (гуманитарлық колледж), «Жігерлі жастар» (политехникалық колледж), Жезқазған тау-кен металлургиялық колледжі, «Жезкиік» (Ұлытау ауданы), «Барс» (саяхаттап келген туристер командасы). Аталған командалар спорттық туризм және шығармашылық байқау бойынша сайысқа түсті. Атап айтқанда, әр топ «Үздік туристік тағам» және «Үздік туристік өнер» бойынша өз туындыларын ұсынды. Кәуаптар, жеміс-жидектерден жасалған салаттар, шоққа піскен картоп, ошаққа піскен палау – таза ауада жасалған әр тағамның дәмі тіл үйіреді. Домбырамен, гитарамен ән айтқан, би билеген өнерпаздар күздің көңілді кешіне көрік бере түсті. Байқаудың алғашқы екі кезеңі жастардың ашық аспан астындағы би кешіне жалғасып, алау басында гитара, домбырамен ән айтылды.

Одан кейін қатысушылар туристік эстафетаны бастап кетті. Құрамында 2 қыз, 5 ұл бар командалар талдар арасында арқанмен жүру, тауға жүгіріп шығу, тауға өрмелеу, қайтадан арқанмен түсу, жүгіру сияқты кезеңдер бойынша бақ сынасты. Арнайы төрешілер барлығын бақылауда ұстап, әр топтың белсенділігі ескерілді. Сондай-ақ, төрешілер туристік лагерьлерді аралап, тазалығын, орналасуын, жинақылығын есепке алып, туристік плакаттардың тақырыбына, идеясына, көркемдігіне мән беріп, қорытынды шығарды.

Нәтижесінде «Ең үздік туристік тағам» бойынша «Жігерлі жастар», «Ең үздік туристік өнер» бойынша «Дантист», «Ең үздік плакат» бойынша «ЖезГум», «Ең үздік лагерь» бойынша тау-кен металлургиялық колледжі, «Ең белсенді топ» номинациясы бойынша «Барс» командасы Алғыс хаттармен марапатталып, арнайы сыйлықтарға ие болды.

Арнайы дипломмен Жезқазған медициналық колледжі және тау-кен металлургиялық колледжі марапатталды. Жүлделі ІІІ орынды «Жігерлі жастар» командасы иеленсе, ІІ орынды «ЖезГум» командасы қанжығасына байлады. І орынды ұлытаулық «Жезкиік» командасы жеңіп алды. Олар туристік палатка және газ пешке ие болды.

**Ізтөлеу ТҮСІПОВ**

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

# ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ

***болашаққа қаржы жинаудың жаңа түрі***

**Зейнетақы жүйесіндегі жаңашылдықтармен таныстырып, салымшылардың сұрақтарына жауап беру мақсатында бірыңғай зейнетақы қоры ашық есік күнін өткізуді дәстүрге айналдырды. Өткен аптада ұйымдастырылған мұндай кездесуде ерікті зейнетақы жарналары туралы кеңінен түсіндірілді.**



Күн тәртібіне шығарылған тақырып бүгінде – өзекті. Өйткені, ерікті зейнетақы жарналары келешекте еңбек демалысына шыққан тұлғалар үшін қосымша қаржылық қолдау болады. Ерікті зейнетақы жарналарының басты артықшылығы – салымшы өзі үшін отбасы бюджетіне ыңғайлы соманы анықтап, шотқа салуға құқылы. Бұл жерде аударым сомасы ғана емес, олардың жүйелілігі де маңызды. Кездесуде заңды тұлғалардың өз қызметкерлері үшін ақшаны ерікті түрде қалай сала алатынын білгісі келетін түрлі компания өкілдерінің көп болғанын айтып өтпеске болмас. Жеке тұлғалар тарапынан да ерікті жарналар мәселесіне қызығушылық байқалды.

Қазір ерікті жарналарды аудару жеке және заңды тұлғалармен үшінші тұлғаның пайдасына жүзеге асырады. Көбінесе жарна аударудың бұл түрін жақындар немесе туған-туыстар таңдап жатады. Нақтырақ айтқанда, үй шаруасындағы жұбайының зейнетақы шотын жолдасы толтыра алса, жұмыссыз ата-анасы үшін балалары жарна сала алады. Ерікті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі және оларды төлеу тәртібі салымшымен (алушымен) белгіленеді. Шартта жалақы мөлшерін немесе жалақының Қорға аударылатын пайызын көрсетудің қажеті жоқ. Өйткені, ерікті зейнетақы жарналарының сомасы салымшының мүмкіндігі мен ықыласына қарай ай сайын өзгеруі мүмкін. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады. Ерікті зейнетақы жинақтарын жалпы зейнет жасынан әлдеқайда ертерек, яғни 50 жастан бастап пайдалануға болатынына назар аударылды. Сонымен қатар, салымшы мүгедектікке шықса, шетелге қоныс аударса да ерікті жарналарын пайдалана алады.

Ашық есік күніне қатысқан қала тұрғындары зейнетақы калькуляторы арқылы болашақтағы өз зейнетақысын есептеп, ерікті жарна аударған жағдайда зейнетақы мөлшері анағұрлым артатынына көздері жетті. Және ерікті жарна аударымы үшін қор ашудың пайдасын ұғынды. Кездесу соңында қатысушылар бағалау сауалнамасы арқылы өз тілектері мен ескертулерін жеткізді. Тұрғындардың негізі бар өтініш-тілектері басшылық тарапынан ескерілетін болады.

**Бота ШАЛҚАР**
*Суретті түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# ЖАСТАРДЫ КІТАП ОҚУҒА ШАҚЫРДЫ

**Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің М.Әуезов атындағы кітапхана-филиалында «Ел ертеңі – жастар» тақырыбында ашық есік күні ұйымдастырылды.**




Шараның мақсаты – кітапхана оқырмандарының аясын кеңейту, кітапхананың қызметтерімен танысу және кітапхананың оң имиджін қалыптастыру. Ашық есік күніне медицина колледжінің І курс оқушылары қатысты.

Кітапханашы Айнекен Байдешқызы болашақ ақ халаттыларды білім күнімен құттықтап, кітапхананың жұмыс кестесімен, ережелерімен, әліпбилік, жүйелік каталогпен таныстыра келіп, биылғы жылдың мерейлі даталарына арналған шаралары бойынша жасалған «Қазақ ғылымының атасы – Қ.И.Сәтбаевқа 120 жыл», Жезқазған қаласының 65 жылдығына орай «Шуақты қала – Жезқазған», Жастар жылына арналған «Жалынды жастар жылы», «Бір ел-бір кітап» атты көрмелерді таныстырып өтті.

Мысты өлкенің 65 жылдығына орайластырылған «Шуақты қала – Жезқазған» атты көрмеде жезқала және оның еңбек адамдары жайлы кітаптарға шолу жасалып, геолог, ғалым Қаныш Сәтбаевтың еңбектері, көрмедегі суреттері, кітаптары, минерал тастарынан кеңінен ақпар берілді. Ашық есік күніне жиналғандардың назарына «Жезқазған энциклопедиялық анықтама», Ш.Рахметовтің «Кен өндірісінің қаһармандары», С.Қожамсейітовтің «Қазақ елінің кіндік мекені – Жезқазған», «Ән арқауы, жыр арқауы – Жезқазған», «Большой Жезказган», К.Салықовтың «Жезқазған оларды ардақтайды», Т.Джумурбаевтың «История в лицах» кітаптары ұсынылып, кеңінен насихатталды.

Жастарды оқуға тарту, кітапқа деген құрмет, қызығушылығын арттыру, бойында ақындық қасиеті бар жастарды «Жас толқын» поэзия клубына тартуды міндет еткен ашық есік күні аясында «Сіз – кітапханашы, мен – оқырман» атты ойын ойнатылды. Онда кітапханашылар мен жастар өзара орын алмасып, біріншісі екіншісінің «кейпіне» енді. Сондай-ақ, кітапхана фойесіндегі «Тілегімізді қабыл алыңыз» атты тілек альбомына оқырмандар тілектерін жазып қалдырды. Жиын барысында бес жас оқырман «Жас толқын» поэзия клубына қатысуға ниет танытты. Оқырмандармен байланыс орнатуға мол мүмкіндік берген шара туған жердің 65 жылдық мерекесіне орай «Жезқазған маршы» атты өлеңмен аяқталды.

**Айнекен ЖӘНІБЕКОВА,**
**М.Әуезов атындағы**
**кітапхана-филиалының**
**кітапханашысы**

# ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ

**Қалалық қоғамдық келісім кеңесінің, сондай-ақ, Қарағанды облысы Қазақстан Халқы ассамблеясы жанындағы аналар кеңесінің қолдауымен Жезқазғандағы «Ана үйінде» «Ұмай ана» отбасылық құндылықтар мектебінің тұсауы кесілді.**

Отбасылық құндылықтар мектебі аналар үйі тұрғындарына әлеуметтік кәсіпкерліктің дағдыларын үйренуге, психологиялық көмек алуға, заңды және күнделікті мәселелерді шешуге, іс тігу, киім пішу, аспаздық, шаштараз және тіл курстарынан шеберлік сабақтарынан өтуге мүмкіндік береді. Бұл бастаманың сәтті жүзеге асуына қоғамдық келісім және аналар кеңестерінің мүшелері, бірқатар қалалық мекемелердің жетекшілері мен өкілдері, сондай-ақ, «Ақ әжелер» ансамблінің мүшелері қолдау көрсетуге әзір.

– Мектепке қазақтың ежелгі аңызындағы кейіпкердің, яғни дана және тақуа ана есімінің берілуі кездейсоқ емес. Қазақ халқы ежелден аспанда Тәңірі, жерде Ұмай ана деп табынған. Ұмай ана дегеніміз – қамқоршы, жарылқаушы, демеуші және отбасының пірі. Енді «Ұмай ана» мектебі ана үйінде әр ана мен әр сәбиді жамандықтан қорғап, олардың жарқын болашағына жол салады. Және әркез қиын және күмәнданған сәттерде аналарға дұрыс бағыт-бағдар сілтейді, – деген ашылу салтанатында сөз алған Қарағанды облысы ҚХА қалалық аналар кеңесінің төрағасы Зинаида Чумакова отбасының құты мен ырысы, ұйытқысы мен жылуы саналатын әйел-ананың орны қашанда ерек екенін тілге тиек етті.

Аналар үйінде қолға алынған осындай тың жобаның басты мақсаты әрбір әйелге ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар шеңберінде бақыт пен үйлесімділікті табуға, олардың бойында қыздың, әйелдің, ананың таза және жарқын бейнесін қалыптастыруға көмектесу және еңбекке баулу арқылы табыс табудың көзін үйрету екенін жеткізді Жезқазғандағы аналар үйінің үйлестірушісі Гүлмира Пирекенова. Сондай-ақ, ол бала тәрбиесінде қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерін ұстанатындарын, тұрғындардың бәрі бірдей мемлекеттік тілде сөйлейтінін алға тартты.

Дөңгелек үстел басында өрбіген әңгіме барысында отбасылық құндылықтар мектебінің алдағы жұмыс жоспары нақтыланып, мақсат-міндеттері таркатылды. Одан кейін аналар үйінің қонақтары жуырда ашылған тігін цехына барып, ісмер аналардың қолынан шыққан киім үлгілерін тамашаласа, «Жас ханым» шеберлік сыныбында үй жайында қысқы салаттар мен тосап дайындаудың құпияларын біле алды.Сонымен қатар, аналар кулинариялық қабілеттерін танытып, тіл үйірер тоқаш пен бәліштерін ұсынды.

– Аналар мен қыздардың қай заманда болмасын қоғамда алар орны мен атқарар ролі зор. Халқымыздың татулығы мен береке-бірлігінің бастаушысы да – солар, – деген қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Базарбай Әлеуханұлы бастаған топ аналарды әркез қолдауға әзір екендерін жеткізді.

**Бота ШАЛҚАР**

# ӘКІМ КУБОГІН САРАПҚА САЛДЫ



**Қаланың 65 жылдық мерейтойына орай Жезқазған қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен жасөспірімдер арасында футболдан Жезқазған қаласы әкімінің кубогіне арналған турнир өтті.**

«Металлург» стадионында өткен аяқдопшылар жарысына «Жастар», «Шестой», «Жезказганец», «МОРБЖМ – 1», «МОРБЖМ – 2», «МОРБЖМ – 3», «Про футбол», «Спортинг», «Квадрат», «No name», «13-элемент», «Ұлытау», «Металлург», «World Time» және №№ 3, 8, 10, 11, 13, 24, 133 мектеп командалары қатысып, әкім кубогін сарапқа салды.

– Жас футболшылардың саны жылдан-жылға артып келеді. Мысалы биылғы әкім кубогі үшін ұйымдастырылған сайысқа жалпы 161 жасөспірім қатысып отыр. Барлық қатысушыларға спортта сәттілік тілейміз, – деген ұйымдастырушылар дәстүрлі түрде өтетін турнирдің ауқымы мен жүлде қорының артып келе жатқандығын жеткізді.

Жарыс нәтижесінде ІІ, ІІІ орындарға «No name» және «Спортинг» командалары ие болды. Оларға ұйымдастырушылар тарапынан планшеттер мен ұялы телефондар сыйға тартылды. Ал, әкім кубогін № 13 ЖОББМ командасы қанжығалады. Жарыс жеңімпаздарына спорттық велосипедтер табыс етілді. Ал, «Үздік ойыншы», «Үздік қақпашы», «Жеңіске деген жігерін көрсеткен команда» номинацияларын иеленген өрендерге ақшалай сыйлық берілді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

АТАУЛЫ КҮН

# 27 ҚЫРКҮЙЕК – ТАРИХТА



1130 жылы 27 қыркүйекте Оңтүстік Италия мен Сицилия бірігіп, Біріккен Сицилия Корольдігін құрылды.

1529 жылы дәл осы күні әйгілі түрік патшасы Сүлеймен қалың әскерімен Вена қаласын қоршауға алды.

1801 жылы 27 қыркүйек күні алғашқы велосипед ойлап табылды.

1821 жылы Мексика Испаниядан өз тәуелсіздігін алды.

1925 жылы дәл осы күні Мәскеуде XX ғасырдағы «Тыңшылар патшасы», 1905-1914 жылдар аралығында Ресей мен Еуропада тыңшылықпен айналысқан британдық Сидней Джордж Рейли ұсталып, ату жазасына кесілді.

Мемлекеттік қызметтер бойынша көмекші сіздің смартфоныңызда
mgov мобильді қосымшасы

# *Жезқазған шаһарының жылнамасы*

***1989 жыл***

1989 жылдың қаңтары мен 1990 жылдың сәуірі аралығында қалалық атқару комитетінің төрағасы Юрий Рыбалкин болды.

Қаңтар айында Мәскеу аспирантурасын бітірген Ә.М.Байменов, А.Ж.Сейілов, М.Б.Әбсаттаров, С.Т.Игісінов сияқты Қарағанды политехникалық инсититуты Жезқазған филиалының бір топ оқытушыларының бастамасымен «Ұлытау» қоғамдық қозғалысы құрылды. Оны халық депутаттары Жезқазған қалалық кеңесі ресми түрде 22 шілдеде тіркеді.

Жезқазған педагогикалық институтында Қазақ КСР Халық ағарту министрлігінің 31 шілдедегі № 02-13/637 хатының негізінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы ұйымдастырылды.

Тамыз айында XX ғасырдың 80-жылдарында адамзатқа үлкен қауіп төндірген қатерлі дерттің алдын-алу және оған қарсы күрес жүргізу мақсатында СПИД орталығы құрылды.

Халық депутаттары Жезқазған қалалық кеңесі атқару комитетінің 21 қыркүйектегі № 568/17 шешімімен қаланың батысындағы 92-орамда орналасқан көшеге Аманкелді батыр атауы берілді.

Бүгінгі заманға сай медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған 9-қабатты үлкен ғимаратқа орналасқан аймақтық көпсалалы аурухана ашылды.

Республикалық «Возрождение» қоғамдық-саяси және мәдени-ағарту қоғамының Жезқазғандағы филиалы «Видергебург» неміс мәдени орталығы құрылды.

Облыстық аурухана жанынан жаңа технологиямен жабдықталған ірі диагностикалық орталық ашылды.

Жезқазғандықтар «Наурыз» мерекесін алғаш рет тойлады.

«Металлург» спорт кешені ашылды.

***1990 жыл***

18 мамырда қалалық «Қазақ тілі» қоғамы құрылды.

28 мамыр-2 маусым күндері облыстық «Байқоңыр дауысы» үшінші фестивалі өткізілді.

Маусым айында Жезқазған қарттар мен мүгедектер интернат үйінің салтанатты ашылуы болды. Мекеме ол кезде ҰОС ардагерлері мен мүгедектерінің қарттар үйі болып аталды.

13 қыркүйекте Никольский қаласына академик Қ.И.Сәтбаевтың есімі берілді.

13 қыркүйектегі Халық депутаттары Жезқазған қалалық кеңесі атқару комитетінің № 616/18 шешімімен қаланың батыс жағындағы Бекболатсай елді-мекенінде (Рыбачий елді-мекені) орналасқан көшеге Болман ақын атауы берілді (бұрынғы Равнинная көшесі).

25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР-нің Тәуелсіздігі туралы декларация қабылдады.

15 қарашада Жезқазған мемлекеттік филармониясына Қазақ КСР Министрлер кеңесінің № 444 қаулысымен Тайжан Қалмағанбетов есімі берілді.

29 қарашадағы Қазақ КСР Министрлер кеңесінің қаулысымен «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғат музей қорығын құру туралы шешім қабылданды.

Желтоқсан айында облыстық кеңес сессиясы шешімімен «Жезқазған туы» газетінің атауы «Сарыарқа» болып өзгертілді.

Тұрмыстық қызмет үйінде «Ұлытау» қазақ-қытай бірлескен кәсіпорыны джинсы киімдерін тігумен шұғылданды.

Музейде ақын, «Невада-Семей» қозғалысының төрағасы Олжас Сүлейменов қонақта болды.

№ 7 мектеп-лицейге Қ.Сәтбаев есімі беріліп, ғалымның атындағы музей ашылды және 1-11 сыныптарда «Сәтбаевтану» пәнін оқыту оқу бағдарламасына енгізілді.

КСРО Байланыс министрлігі Жезқазған қаласына арналған почта конвертін шығарды.

Қаламызда Ауғанстанда қаза тапқан жауынгерлер Асылбек Мамажанов пен Виктор Тарадайдың құрметіне самбодан қалааралық турнир өтті.

***1991 жыл***

Қаңтар айынан бастап «Қазақ тілі» қоғамы Жезқазған облыстық ұйымының «Аян» басылымы шыға бастады.

13 қарашада қазақтың қос ғарышкері Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев Жезқазған жеріне келді. Оларға Жезқазған қаласының Құрметті азаматы атағы берілді.

Қарашада № 30 «Ертөстік» балабақшасы ашылды.

1 желтоқсанда Президент сайлауы өтті. Жезқазған қаласы бойынша Н.Ә.Назарбаевты 99,4 пайыз сайлаушы қолдап дауыс берді.

«Диндалле» ҚҚҚЖФ-ның корей халықтық фольклорлық ансамблі құрылды.

Өңірімізде тұңғыш рет «Отырар-Ұлытау» археологиялық-этнографиялық экспедициясы құрылып, ол «Кіші Жібек жолымен» жүріп өтті. Экспедицияға Б.Қожахметов жетекшілік етті.

«Металлургтер сарайы» жанынан «Любисток» украин-белорусь мәдени-ұлттық орталығының халық әндері ансамблі құрылды.

Белгілі хирург Өмірбек Мұқановқа Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен «Қазақ КСР-не еңбек сіңірген дәрігер» құрметті атағы берілді.

Саяси ағарту үйі (бүгінгі Халықтар достығы мен мәдениеті үйі) облыстық шаруашылық есептегі мәдениет орталығы болды.

№ 35 «Гүлдер» балабақшасы ашылды.

***1992 жыл***

1992 жылдың ақпан айы мен 1995 жылдың қаңтар айы аралығында қала әкімшілігінің басшысы Талдыбай Қаленұлы Қаленов болды.

21 қаңтарда Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің № 42 Қаулысымен ҚарПТИ-дің Жезқазған филиалы Ө.А.Байқоңыров атындағы тау-кен техникалық институты болып құрылды.

ҚР Үкіметінің 01.02.1992 ж. күшіне енген «Жергілікті өзін-өзі басқару және жергілікті халық депутаттары кеңесі туралы» Заңына сәйкес қалалық атқару комитеті өз қызметін тоқтатып, оның мұрагері Жезқазған қалалық әкімшілігі құрылды.

9 наурыздағы Жезқазған қалалық әкімшілігінің № 7/1 шешімімен қоршаған ортаны қорғау қалалық қоры құрылды.

20 наурызда Қазақстанның теміржол саласына қызмет көрсету үшін мамандандырылған банк ретінде «Темір банк» ашық акционерлік қоғамының Жезқазған филиалы ашылды.

Халық депутаттары облыстық кеңесінің 24 сәуірдегі № 75/3 қаулысына сәйкес «Джезказганская правда» газетінің аты «Центральный Казахстан» болып өзгертілді. «Сарыарқа», «Центральный Казахстан» газеттеріне «Халық депутаттары облыстық кеңесі мен облыс әкімшілігінің газеттері» деген дәреже берілді.

Жезқазған қалалық әкімшілігінің 28 сәуірдегі № 99/2 шешімімен қалалық саяхат, дене тәрбиесі және спорт бөлімі құрылды.

24 маусымда Халық депутаттары Жезқазған қалалық кеңесінің қаулысымен Камал Смайыловқа және Төрегелді Шармановқа Жезқазған қаласының Құрметті азаматы атағы берілді.

Қараша айында Алматы қаласында жазушы Ғабит Мүсіреповтің туғанына 90 жыл толу құрметіне өткен республикалық театрлар фестивалінде Жезқазған облыстық қазақ музыкалы-драма театры Бас жүлдені жеңіп алды.

Жезқазған қаласында жаңа медресе ашылды.

Жезқазғанға Жібек жолы туралы фильм түсіру үшін Түркиядан кино түсірушілер тобы келді.

**Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві деректері негізінде әзірленді**